



УНИВЕРСИАДА – 2025

10-14 мамыр аралығында Түркістан қаласында өткен ҚР ЖОО арасындағы XIII жазғы Универсиадада БҚУ студенттері үздіктер қатарынан табылды.

Самира Оразмұхамбет – ФКС-13 тобының 1-курс студенті — тоғызқұмалақтан жекеley есепте алтын медаль иегері!

Дархан Ануарбеков – МФКС-21 тобының 2-курс магистранты — тоғызқұмалақтан күміс медаль иегері!



Мендігәлев Темірлан - ФКС-21 (3) тобының 2-курс студенті дзюдо спорт түрі бойынша 60 кг салмақ дәрежесінде — қола жүлдені жеңіп алды!

Кенжалиев Ердос - ФКС-33 тобының 3-курс студенті Каратэден (WKF) ката бойынша (ерлер) арасында жүлделі I-орынға ие болды! Спортшыларымызды шын жүректен құттықтаймыз! Спорттағы табандылық пен еңбектің жарқын нәтижесі!

Жеңіс тарихы ұмытылмайды



Мансап күні – 2025



15 мамыр күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Мансап күні – 2025» іс-шарасы өтті. Бұл іс-шара студенттер мен түлектерге болашақ мамандықтары бойынша алғашқы қадамдарын жасауға мүмкіндік берді.

Қатысушылар мен мүмкіндіктер

Жәрмеңкеге 90-нан астам сұранысқа ие білім беру бағдарламалары мен 50-ден астам жетекші жұмыс беруші ұйым қатысты. Қатысушылар арасында Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В., ҚР Ұлттық Банкі, облыстық басқармалар, сот, прокуратура, жеке мектептер мен колледждер, мәдениет мекемелері мен медиа өкілдері болды.

Жас мамандарға ұсыныстар


Іс-шара барысында жас мамандарға сұхбатқа қатысу, жетекші ұйымдарға түйіндеме тапсыру және HR сарапшыларынан кеңес алу мүмкіндіктері ұсынылды. Бұл тек жұмыс жәрмеңкесі емес — бұл олардың кәсіби жолындағы алғашқы қадамдары болды.

БҚУ-дың рөлі

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тек білім берумен шектелмей, студенттер мен түлектерге болашаққа есіктерді ашуға арналған шараларды ұйымдастырады. «Мансап күні» — университеттің осы бағыттағы маңызды қадамдарының бірі.

Қорытынды

«Мансап күні – 2025» іс-шарасы студенттер мен түлектерге болашақтағы мүмкіндіктерін көруге, өздеріне сенім артуға және еңбек нарығында өзін танытуға мүмкіндік берді. БҚУ-ды таңдай отырып, олар ертеңгі күнге сенімді қадам басады.



«Ата заң — асыл мұраттар бастауы»

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Тарих, экономика және құқық» факультетінде «Құқық» білім беру бағдарламасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Ата заң – асыл мұраттар бастауы» атты дөңгелек үстел оздырылды.

Дөңгелек үстел жұмысына «Құқық» білім беру бағдарламасының профессорлық оқытушылар мен білім алушыларынан басқа, арнайы шақырылған қонақтар да қатысты. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Президент Істері басқармасы жанындағы Парламентаризм институты директорының міндетін атқарушы, заң ғылымдарының докторы Бекжанов Берік Айдарбекұлы өз баяндамасында Қазақстан Республикасындағы заң шығару саласындағы негізгі реформалар мен болашақтағы даму бағыттары туралы сөз қозғады. Сонымен қатар дөңгелек үстел барысында келесі спикерлердің баяндамалары тыңдалды:

1. Құқық білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Нуржанова Айнагул



Канатқалиқызы;

2. Орал қаласы Полиция басқармасы патрульдік полиция батальоны командирінің орынбасары полиция капитаны Калиоллиев Сабит Габитұлы;

3. Орал қаласы прокуратурасының

бөлім прокуроры Амангелді Айнұр Талғатқызы;

4. Орал қаласының №2 соты әкімшісінің бас маманы, сот отырысының хатшысы Муканова Альбина Заирқызы.

Дөңгелек үстел тақырыбы тыңдаушылар

тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. ПОҚ мен студенттер баяндамашыларға сұрақтарын қойып, толық жауап алды. Сондай-ақ өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, қатысушыларға алғыстарын білдірді.

Қытайда алғаш рет

«Study in Kazakhstan»

білім беру көрмесі өтті

13 мамырда Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы – Үрімжі қаласында алғаш рет «Study in Kazakhstan» білім беру көрмесі өтті. Ауқымды шара ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен, Орталық Азия мен Қытай елдері білім министрлерінің алғашқы кездесуі және Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің білім министрлерінің 9-отырысы аясында ұйымдастырылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Қытайдың Батысқа шығатын білім мен мәдениет қақпасы – Шыңжаңда көрменің өтуі қазақстандық жоғары білімнің халықаралық аренадағы беделін арттырып, қос ел арасындағы академиялық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге сеп болды.

Көрмеге Қазақстанның 16 жетекші жоғары оқу орны қатысты. Көрменің ашылу салтанатына сондай-ақ Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Білім басқармасының басшылығы қатысты. Қытай тарапы көрмені жоғары бағалап, Қазақстанмен білім беру саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделілік танытты.

Көрме барысында қазақстандық университеттер өздерінің білім беру бағдарламаларын, академиялық ұтқырлық, қос диплом жобалары, халықаралық стипендиялар және шетелдік студенттерге арналған оқу мүмкіндіктерін таныстырды. Қытайлық студенттер мен білім ұйымдарының өкілдері Қазақстанның жоғары білім жүйесімен жақын таныса алды. «Study in Kazakhstan»



көрмесі – шетелдік жастар үшін Қазақстанда сапалы әрі қолжетімді білім алуға жол ашатын, халықаралық беделді алаңға айналды.

12–13 мамырда Алматы қаласында Германияның Федералдық білім және ғылыми зерттеулер министрлігі (BMBF) ұйымдастырған C5+1 форматындағы дөңгелек үстел өтті. Шараға Германия мен Орталық Азия елдерінің мемлекеттік органдарының өкілдері қатысты. Оның басты мақсаты – ғылым мен технология саласындағы зерттеу ынтымақтастығын нығайту және тәжірибе алмасу.

C5+1 ғылыми диалогы: Алматыда халықаралық ынтымақтастық перспективалары талқыланды



Іс-шара аясында Германияның Федералдық білім және ғылыми зерттеулер министрлігінің (BMBF) өкілдерімен екіжақты кездесу өтті. Кездесу барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Ғылым комитетінің төрағасы Ғалымжан Жанқуатов неміс әріптестерімен Қазақстан мен Германия арасындағы ғылыми байланыстарды дамытуға бағытталған бірқатар бастамалар бойынша серіктестікті тереңдету перспективаларын талқылады.

Кездесу барысында Германия қолданбалы ғылымдар университеттері мен Орталық Азия ғылыми қауымдастықтары арасындағы ынтымақтастықты қолдайтын Неміс ғылыми-зерттеу қоры (DFG) іске асырып жатқан жобалар сөз болды. Бұдан бөлек, климаттық технологиялар мен тау-кен металлургия салалары бойынша бірлескен бағдарламалар сияқты басқа да маңызды бағыттар қарастырылды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы Ғалымжан Жанқуатов: «Бүгінгі кездесу – Германиямен ғылыми ынтымақтастықты дамытудағы маңызды кезең. Біз өзара серіктестікті

Отан қорғаушылар күні қарсаңында жас ғалымға тұрғын үй сертификаты табысталды

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінде 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты шара өтті. Іс-шара барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Математика және математикалық модельдеу институтының аға ғылыми қызметкері Нұрлан Еркінбаевқа тұрғын үй сертификаты табысталды.



Министр Саясат Нұрбек құттықтау сөзінде қатысушыларды келе жатқан мерекемен құттықтап, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жас ғалымдарды қолдау бағытындағы нақты шаралар қолға алынғанын атап өтті.

- Жас ғалымдарға қолдау көрсету – еліміздің ғылыми әлеуетін арттырудың маңызды тетігі. Министрлік бұл бағыттағы жұмысты кезең-кезеңімен жалғастырады. Жас зерттеушілердің санын арттыру ғылымның дамуына және ғылыми жетістіктерді коммерцияландыруға оң ықпал етеді, - деді Саясат Нұрбек.

Айта кетейік, бұған дейін Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 69 жас ғалым тұрғын үй сертификаттарын алған болатын. Сонымен қатар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Отбасы банк» акционерлік қоғамы арасында 2023-2027 жылдарға арналған жас ғалымдарға жеңілдетілген несие беру бағдарламасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған. Қазіргі таңда осы бағдарлама аясында 353 жас ғалым баспаналы болды.

кеңейтуге дайынбыз. C5+1 форматы білім мен тәжірибе алмасуға, жаңа жобаларға жол ашуға көмектеседі. Сондай-ақ Horizon Europe бағдарламасы аясында да Германиямен бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз. Бұл қадам отандық зерттеушілер мен ғылыми орталықтарға нақты мүмкіндіктер береді», - деді.

Саясат Нұрбек Ұлыбританияның Лондон қаласында өтіп жатқан Education World Forum (EWF) 2025 – Дүниежүзілік білім беру форумы аясындағы пленарлық сессияға қатысты.

19 мамыр күні «Технологиялардың білім берудегі рөлін дамыта отырып, әділеттілік пен сапаны қатар қалай арттыруға болады?» тақырыбында пленарлық сессия өтті. Сессияға қатысушылар цифрлық технологияларды білім беру жүйелеріне тиімді кіріктіру, сондай-ақ олардың инклюзивтілігі мен жоғары сапасын қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.

Сессияға халықаралық білім беру қауымдастығының беделді өкілдері қатысты, олардың қатарында Финляндияның білім министрі Андерс Адлеркройц, Таиландтың жоғары білім, ғылым, зерттеу және инновациялар министрі Супамас Ишарабхакди, НР компаниясының дербес жүйелер бойынша киберқауіпсіздік жөніндегі жаһандық жетекшісі Иан Прайт болды.

Сессия модераторы ретінде Дүниежүзілік білім беру форумның бағдарламалық директоры Гэвин Дайкс жүргізді. Талқылау барысында барлық санаттағы білім алушылар, соның ішінде осал топтар үшін сапалы білімге қолжетімділікті кеңейту, технологиялық даму жағдайында білімнің сапасы мен өзектілігін арттыру, білім алушыларды цифрлық экономикаға тиімді бейімдеу, заманауи технологияларды қолдана отырып, әділетті, орнықты және келешекке бағытталған білім беру стратегияларын әзірлеуге ықпал ету тақырыптары қозғалды.

Саясат Нұрбек Қазақстан Республикасының білім беруді цифрлық трансформациялау бойынша стратегиялық ұстанымын таныстырып, жоғары білімді дамытуға, академиялық ұтқырлыққа және білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін инклюзивті шешімдерге баса назар аударды.


Дүниежүзілік білім беру форумы – бұл жыл сайын өтетін әлемдегі ең ірі халықаралық алаң, ол білім министрлері мен адами капиталды дамыту саласындағы көшбасшыларды біріктіреді. Форум – озық тәжірибе алмасуға, жаһандық білім беру диалогын қалыптастыруға және халықаралық әріптестікті нығайтуға арналған маңызды құрал.

Ақпарат ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми сайтынан алынды



Кейде тарихтың қойнауына үңілсең, жүректің терең түкпірінен әлдебір сағыныш, мақтаныш сезімі тұнжырап шыға келеді. Ол – елінің қамын жеп, халқының тағдырын арқалаған арда тұлғаларға деген құрметтің көрінісі. Сондай тұлғалардың бірі ғана емес, бірегейі – ұлт намысын ту етіп көтерген, жүрекпен жазылған шежіредей болған Бауыржан Момышұлы.

Ұлт намысын ту еткен тұлға



Бауыржан Момышұлы – қазақ даласының өр рухты ұлы. Оның өмірі – ұлт тарихының алмағайып кезеңіндегі аласапыран оқиғалардың шынайы күәсі. Ол – соғыстың сұрапыл жылдарында қайсарлығы мен өр мінезінің арқасында ұлттың жігерін жанып, ерлік пен намыстың символына айналған дара болмыс. Майдан даласында ажалмен бетпе-бет келіп, жауға найзадай шаншылып, жауынгерлердің жүрегіне сенім ұялатып, батырлықтың биік шыңына көтерілді. Бірақ оның ерлігі тек майданда ғана емес, бейбіт күнде де өз жалғасын тапты. Бауыржан атаның батырлығы – тек қолында қаруы бар сарбаздың ерлігі емес, ол – ұлттық рухты, елдің еңсесін биіктеткен рухани тұлғаның күресі. Ол – қазақ баласының жүрегіндегі ар-намысты, туған елге деген махаббатты, Отанға деген адалдықты шынайы көрсете білген жан. Оның әрбір сөзі, әрбір ісі – тәрбиелік мәні терең, ұлт рухын көтеретін құндылық. «Мен халқымның батыр ұлы болдым, халқыма қалтқысыз қызмет еттім» деген бір ауыз сөзі – бүкіл ғұмырының айнасы. Оның өмірлік философиясы – адалдық, тәртіп, намыс және ең бастысы – ұлтына деген сүйіспеншілік еді. «Ұлы істі ұсақ адамдар бүлдіреді» деп, ұрпақты биік ойлауға, терең пайымдауға үндеді. Оның «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген сөзі – жай ғана ұран емес, өмірлік ұстаным. Бұл сөзде намыс бар, мінез бар, ұлттық сана бар. Оның болмысы – бір ұлттың биік бейнесі, тұтас ұрпақтың идеясы. Бауыржан Момышұлы тек қана батыр ғана емес, сөз зергері, ой иесі, тәлімгер ұстаз болды. Қолына қалам алып, майданның қанды шындығын ақ қағазға түсіргенде, оның әрбір сөйлемінен рухтың оты маздап тұратын. Ол – қаламы арқылы келер ұрпақтың санасына елдік, ерлік, адамдық деген ұғымдарды егуді мақсат етті. Оның жазбаларында шындықтың өткір жүзі, рухтың биік үні, адамның ішкі арпалысы мен ұлттық ұстаным қатар өрілді. Бауыржан атаның өмірі – тек өткен шақтың еншісінде қалатын оқиға емес. Ол – бүгінгі күннің, болашақтың рухани темірқазығы. Ұрпағына: «Ар мен намысты бәрінен биік қой» деп аманат қалдырған баба үні ешқашан өшпейді. Бүгінгі ұрпақ сол аманатты жүрек төрінде сақтап, оны өмірінің қағидасына айналдырса – ел болашағы жарқын, рухы биік болары анық.

Қазақ даласы – небір тарлан тұлғаларды тудырған қасиетті мекен. Солардың ішінде Бауыржан атамның орны бөлек. Ол – ұлттың жүрегіне сақталған, болмысы биік батыр. Оның өмірі мен өнегесі – қазақтың әрбір азаматына бағыт, жол, нұрлы шамшырақ. Ұлттың намысын ту еткен осындай тұлғалар барда, халықтың рухы ешқашан сынбайды, ұлттың жүзі ешқашан төмен түспейді. Ал Бауыржан Момышұлы – сол рухтың мәңгілік жаршысы.

Назерке САМИГОЛЛИНА,
ҚТӨ-21 студенті

«Ерлікке тағзым»

Ғылыми кітапхананың тарих, экономика және құқық факультетінің оқу залында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы және жазушы, Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына арналған «Ерлікке тағзым» атты патриоттық іс-шара өтті. Мерекелік іс-шара Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әпкелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлер мен офицерлер рухына, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерге, бүгінде ортамызда жүрген Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне арналды.



Кеш қонақтары тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы, БҚО тарихи-өлкетану музейі М.Мәметова мемориалдық музейінің меңгерушісі, өлкетанушы Батырханов Ахмедияр Қуанұлы, қалалық Б.Момышұлы атындағы №46 ЖОББ мектебінің директоры, тарихшы-зерттеуші Сатдыкова Ибагул Нариманқызы сөз алып, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған тілектерін жолдады. Ары қарай студенттер Ұлы Жеңіске арналған өлең шумақтарын оқыды. Жаратылыстану-география факультетінің студенттері «Өн салшы, сарбазым» биімен және әні мен сөзі Ержан Серікбаевқа жазылған «Алға, қазақ жігіттері» әнімен Оразбай Жадыра, Сафина Надежда көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Кеш соңында кітапханашы Г.Хибашева кітап көрмесіне библиографиялық шолу жүргізді. Кеш өте әсерлі өтті.

Садап НҰРҒАЛИЕВА,
Ғылыми кітапхана оқырмандар сұранысын қамту бөлімінің меңгерушісі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің физика-математика факультетінде тағылымы мол кездесу кеші өтті. Факультетімізде тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызымен жылы жүздесу ұйымдастырылды.

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

Кездесу барысында қадірлі қонағымыз «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары» атты маңызды тарихи монографиясы жайында кеңінен әңгімелеп, зерттеу барысында жинақталған деректермен бөлісті. Автор өз еңбегі арқылы соғыста ерлік көрсеткен қазақ қыздарының есімін жаңғыртып, жас ұрпақ санасына патриоттық рух дарыту мақсатын көздегенін атап өтті. Іс-шара барысында қатысушылар көптеген тың мәліметтерге қанығып, тарихи сананың маңыздылығына тағы бір мәрте көз жеткізді. Кештің әсерлі сәттерінің бірі – «Ерке сұлқым» күйінің орындалуы болды. Күй үні кездесудің рухани маңызын арттырып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Осындай тағылымды кездесулер жастардың отансүйіштік сезімін арттырып, тарихты құрметтеуге тәрбиелейді.



Жаннур ЕРМЕКБАЙ,
МФ-23 студенті

БРЯНСК МАЙДАНЫНДАҒЫ БАСПАГЕР ҚЫЗ

Сұрапыл соғыс жылдарында алдыңғы шепте жүріп, ерлермен бірге ерлік көрсеткен жауынгер қыздардың ер жүрек батырлығы жөнінде Кеңес Одағының маршалы А.И.Еременко: «Ұлы Отан соғысында қыздар араласпаған, қыздар меңгермеген әскери мамандық кем де кем», – деп жазған еді. Жалпы деректерде Екінші дүниежүзілік соғыс жауынгерлерден 110 түрлі әскери



мамандықтың түрін игеруді талап еткені айтылады. Майдан даласында көп ұлтты кеңестік жауынгерлер қатарында қазақ қыздары да аспаз, кір жуушы, хат тасушы, дәрігерлік көмек көрсету, сондай-ақ ұшқыш, танкіші, пулеметші, мерген, барлаушы, радиобайланысшы тағы басқа әскери мамандық түрлерін еркін меңгере алған. Ал өмір мен өлім арасында жүріп майдандық газет шығару, оны ұрыс даласындағы жауынгерлерге жеткізу бәрінен де қиын іс болғаны белгілі.

Отан үшін от кешкен жауынгерлердің қаһармандық ерлігін баспаөз бетіне жариялау, кеңес халқының мақтанышына айналдырып, насихаттау жұмысына оралдық қазақ қызы Дәулетқалиева Нәпия да зор үлес қосты.

Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында «На разгром врага» («Жауды жоюға») атты газеттің баспаханасында қазақша әріптеруші болып қызмет етті. Орал қалалық әскери комиссариаттың анықтамасына сүйенсек, Нәпия Дәулетқалиева 1942 жылыдың 1-шілдесі – 1945 жылдың 15-ақпан аралығында Брянск майданында «На разгром врага» және «Суворовец» газетінің баспаханасында әріптеруші қызметін атқарған. Осы орайда айтатын жайт, кеңестік талантты ақын майдандық газет қызметкері Яков Хелемскийдің Әлия Молдағұловаға арнап жазған:

«Шаттансаң қыз тудым деп, қазақ шаттан,

Әлия Ұлы Отанға болған мақтан!
Казачиха қасында тұлғасы тұр
Дегендей ерлікке аттан, жеңіске аттан!
Бұл жермен сонау заман Пушкин өткен
Желдіртіп қоңыраулы атын жеккен.
Сол жерді жаудан сақтап қаламын деп,
Қазақтың Әлия қызы қанын төккен»,
– деген жыр шумақтарынан тұратын «Әлияның жүрегі» атты поэмасы 1944 жылы маусым айында әріптеруші Дәулетқалиева Нәпия қызмет ететін «Суворовец» газетінде жарияланады. Кейін Я. Хелемский «Әлияның әні» деген атпен әнге сөз де жазған еді.

Алайда соңғы уақытқа дейін баспагер қазақ қызы туралы біздің мәліметіміз өте қысқы болды.

Оралдық майдангер қазақ қыздары туралы 2015 жылы алғаш жарияланған кітабымызға әскери баспагер Нәпия Дәулетқалиеваның облыстық мемлекеттік архив қорынан табылған суретін ғана енгізген едік. «Ізденген жетер мұратқа демекші», көп ізденістің нәтижесінде біз, майдангер ананың Орал қаласында тұратын баласы Болат Рахметуллаұлы Дәулетқалиевты (1958 ж.т.) таптық. Болат ағай бізбен кездесуге Оралға Ресейдің Белгород қаласынан келіп жатырған ағасы Қуаныш Рахметуллаұлы (1947 ж.т.) бірге ертіп келді. Ол 1970 жылы Пушкин атындағы Орал пединститутының физика-математика факультетін тәмамдаған соң, Ресейдің Ставрополь өлкесі Георгиевськ қаласына жұмысқа орналасып, бүгінгі күні Белгород қаласында тұрады екен. Біз, «баспагерлер әулетіненбіз» деп келген ардагер ұрпақтары, маған майдангер ата-аналары туралы құжаттар мен әскери құнды суреттерді әкеліп берді. Ғылыми ізденісте жүрген мен үшін, бұл ұмытылмас сәттердің

бірі... еді. Сөйтіп бізге жеткен деректерге қарағанда Дәулетқалиева Нәпия 1920 жылы Жымпиты ауылында дүниеге келеді. Ата-анасынан жастай айырылған Нәпия екі бауырымен бірге Орал қаласындағы балалар үйін паналайды. Кейін екі бауыры қайтыс болған соң, Нәпия Приуралье ауданындағы балалар үйіне жіберіледі.



16 жасар жас қыз Оралдағы Клара Цеткин атындағы тігін фабрикасына жұмысқа орналасып, кейін баспаханаға әріптеруші қызметіне ауысады.

Баспаханада өмірлік жары Дәулетқалиев Рахметулламен кездесіп, екеуі 1939 жылы отбасын құрады. Рахметулла Дәулетқалиев 1920 жылы 5 мамырда Чапаев ауданы Көнекеткен ауылында дүниеге келген. Көп кешікпей Рахметулла Қызыл Армия қатарына шақырылады. 1941 жылдың күзінде елге ораламын деп жүрген ол, сол жылы жазда соғыс басталып атқыштар ротасына алынады.

М а й д а н д а ғ ы б а с п а х а н а қызметкерлерінің тапшылығын естіген Нәпия 1942 жылы жазда құрбысы Үмбеталиева Ғалия екеуі өз еркімен майданға аттанады. Сөйтіп соғыс жылдарында қазақ қызы Нәпия Брянск майданындағы «На разгром врага» газетінің баспаханасында әріптеруші (наборщица) қызметін атқарды. Газет редакциясының негізгі ұжымы Мәскеу әскери округінің «Красный воин» газетінің тілшілерінен, Мәскеулік газет, журнал қызметкерлерінен құралды. 1942 жылдан бастап газет қазақ, азербайжан, өзбек, башқұрт, татар т.б. тілдерде шығарылған. Бұл баспасөзде белгілі кеңес ақыны Иосиф Павлович

Уткин, Илья Эренбург сияқты әскери тілшілердің мақалалары жиі жарық көрді. Брянск майданындағы қанқұйлы ұрыстар кезінде баспагерлердің газетті қалың орман арасында жасырынып шығарған кездері де болған. Соғыс жағдайында күн сайын бірнеше тілде газет шығару әрине, әскери баспагерлердің әсіресе, қолмен



күтетін. Өйткені олар майдандағы соғыс жаңалықтарды ғана емес, алыстағы тылдан да хабар күтетін», – дейді Алғашында газеттің қазақша бөлімінің әріптерушісі болған Нина (әскерилер Нәпияны осылай атаған) кейін азербайжан, өзбек бөлімдеріне ауыстырылады. Әріптеруші Нәпия түркі тілдес халықтардың тілдерін тез меңгеріп отырды. Еңбекқор Нәпия Дәулетқалиеваға онкүндік еңбек демалысы беріледі. Осы сәтті пайдаланған Нәпия 5 күн жаяулап жүріп, 80 шақырым жер шамасындағы әскери бөлімнің атқыштар ротасында жүрген күйеуі Рахметулла Накенұлын іздеп табады. Екі күннен соң санитарлық поезбен кері оралады. Осыдан соң әскери басшылықтың келісімімен соғысқа дейін кезеңде Оралдағы баспаханада әріптеруші қызметін атқарған Дәулетқалиев Рахметулла «На разгром врага» газетінің қазақ бөліміне әріптеруші қызметіне шақырылады. Өйткені соғыстың қызған тұсында әскери баспаханаларда әріптерушілер жетіспеді. Сөйтіп ерлі-зайыпты баспагерлер баспахананың темір әрпін, қара бояуын, қағазы мен құрылғыларын арқалай жүріп, соғысты Кенинбергте (Калининград) аяқтайды. Ерлі зайыпты баспагерлер «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Фашистік Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

Қос майдангер Нәпия Дәулетқалиева 1945 жылы, ал Дәулетқалиев Рахметулла 1947 жылы елге оралып, бейбіт өміртірішілігіне араласады. Олар зейнет демалысына шыққанға дейін Орал қаласындағы №10 Ғабдолла Тоқай атындағы баспаханада еңбек етті. Отбасында екі ұл тәрбиелеп өсірді. Рахметулла Накенұлы 1987 жылы 2 қарашада, Нәпия Дәулетқалиева 2012 жылы 14 қарашада өмірден озды. Ардагерлердің немересі Дәулетқалиев Рахым Болатұлы Қазақстанның «Болашақ» бағдарламасымен Канаданың Оттава қаласында білім алып, қазір Финляндияның Хельсинки қаласында еңбек етеді.

Сөз соңында: «Адамдар бір-біріне өзара қарыздарлығын әрқашанда ойлай жүрулері керек. Әсіресе Отан соғысы ардагерлерінің еңбегін ерекше бағалай білуі қажет. Ер өледі, ел қалады. Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты», – деп халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай, сұрапыл соғыс жылдарында Отан үшін от кешкен жауынгерлердің есімін жас ұрпақ мәңгілік мақтаныш етуге тиісті.

Б.С.БОРАНБАЕВА,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

әріптерушілердің қажырлы еңбегі еді. Бұл туралы майдангер ана: «Майданда баспагерлер күндіз демалыс, түнде ұйқы дегенді білмей 17 тілде газет шығардық. Жауынгерлер газеттің әрбір санын асыға



Автордың әскери баспагерлер ұрпақтарымен сұхбаттасу сәті. Қуаныш Дәулетқалиев (сол жақта), Болат Дәулетқалиев (оң жақта).

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ – ОРТАҚ МІНДЕТ!

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевпен өткен кездесуде 14-наурыз күні ұйымдастырылған Ұлттық құрылтай жұмысы кеңінен талқыланды. Елтағдырына бейжай қарамайтын азаматтардың басын қосқан бұл құрылтай – ұлттық бірегейлікті сақтау, қоғамдық келісімді нығайту жолындағы маңызды қадам болды.

Кездесу барысында көтерілген мәселелер:

- Қоғам мен билік арасындағы ашық диалогтың маңызы;
- Жастардың ел болашағындағы рөлі;
- Ұлттық құндылықтарды жаңғырту жолдары;

Ұлттық құрылтай – жай ғана жиын емес, ел ертеңіне жауапкершілікпен қараудың үлгісі.



Осындай келелі басқосулар ел дамуының стратегиялық бағытын айқындауға сеп болады.

Мейірімді жүрек – жылы тілек

Кәсіби педагогикалық практика кезеңі студенттердің қазіргі оқыту жоспарына байланысты жаңартылған білім бағдарламасының мазмұнына сай оқыту әдістерін тиімді пайдалану, оқыту мақсатына сәйкес сабақты дұрыс жоспарлау, оқушылардың қызығушылықтары мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, студенттердің білімдері мен дағдыларын болашақ маман ретінде шыңдау болып табылады. Осы орайда университетіміздің жаратылыстану-география факультетінің «Биология» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері Орал қаласындағы №42 «Ақ ниет» гимназиясы» ШЖҚ МКК және «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі» ШЖҚ МКК-нен кәсіби педагогикалық практикадан өтті. Педагогикалық практика барысында тек оқу ісімен шектелмей, тәрбиелік және қайырымдылық шараларына да белсене қатысты. «Мейірімді жүрек – жылы тілек» атты қайырымдылық




кеші аясында студентіміз қарттар үйі мен балалар үйіне барып, шынайы ықыластарын, жылы лебіздерін жеткізді. Бұл іс-шара студенттерімізге мейірімділік пен жанашырлықтың өмірдегі маңызын терең сезінуге мүмкіндік берді. Жүректен шыққан әрбір жылы сөз – үлкен қуаныш пен үміт сыйлайды!

Айым СЕРІК,
ЗКО-31 студенті

Дөңгелек үстел өтті

БҚО Өңірлік коммуникациялар қызметі «Ұлы Жеңістен қазіргі сарбазға дейін: тарих, тағылым, тағзым» атты дөңгелек үстел өткізді.



Іс-шараға Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Жәңгірхан атындағы БҚАТУ, М.Өтемісов атындағы БҚУ, БҚИТУ, Ж.Досмухамбетов атындағы колледжі, БҚО Қорғаныс істері департаментінің өкілдері, БҚО өңірлік коммуникациялар қызметінің басшылары қатысты. Іс-шара барысында қатысушылар Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен қазіргі Отан қорғаушылардың ерлігін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастыра отырып, жас ұрпаққа патриоттық рух сіңіру, ел қорғаудың қадір-қасиетін түсіндірудің маңызы туралы пікір алмасты.

БҚО Өңірлік коммуникациялар қызметінің ресми парақшасынан алынды

К 80-летию Великой Победы

2 мая 2025 года на базе факультета истории, экономики и права состоялась международная научно-теоретическая конференция на тему «Победа в Великой Отечественной войне: проблема исторической истины и памяти», посвященная 80-летию Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. Конференция была организована ППС ОП «Социальные науки». В работе конференции приняли участие ученые из России, Республики Беларусь, вузов и колледжей Казахстана, учителя средних общеобразовательных школ города и области. В рамках конференции обсуждались ключевые аспекты сохранения исторической памяти о Великой Отечественной войне, примеры героизма и стойкости советского народа в годы войны, проблемы фальсификации исторических фактов, а также роль Победы 1945 года в формировании национальной идентичности и межгосударственных отношений.



Конференция была открыта модератором - руководителем ОП «Социальные науки» ЗКУ им. М.Утемисова Журасовой Алтынай Шугаевой. На пленарном заседании выступили: к.и.н., доцент ОП «Социальные науки» Кужабергенова Хаида Ихсановна с докладом на тему: «Университет в годы ВОВ»; доктор исторических наук, профессор Саратовского государственного университета генетики, биотехнологии и инженерии

имени Н.И. Вавилова (г.Саратов, РФ) Шалаева Надежда Владимировна с докладом на тему: «Историческая память о Великой Отечественной войне: проблема сохранения в молодежной среде (на примере коммеморативных практик); к.и.н., научный сотрудник научно-просветительного отдела Гомельского областного музея военной славы (г. Гомель, Республика Беларусь) Нестерович Александр Аркадьевич с докладом на тему: «Формирование

движения «Свободная Франция» и его отношения с СССР в 1941 г.»; к.и.н., доцент, зав. кафедрой истории и международных отношений Волгоградского государственного университета (г. Волгоград, РФ) Архипова Екатерина Владимировна с докладом на тему: «Сохранение исторической памяти среди студентов вуза в ходе учебной и воспитательной деятельности (на примере Волгоградского государственного университета)»; к.ф. наук, старший преподаватель ОП «Социальные науки» Науанова Карманай Мадеевна с докладом на тему: «Вклад Западного Казахстана в победу советских войск в Сталинградской битве»; к.и.н., ст.преподаватель ЗКАТУ им. Жангирхана (г. Уралск, РК) Хайдаров Есқайрат Ерболатұлы с докладом на тему: «Казахстан в годы второй мировой войны»; учитель школы-гимназии №34 имени А.Тайманова (г.Уральск, РК) Нагиева Бакытжан Куспановна с докладом на тему: «Оралда құрылған 152-атқыштар бригадасының жауынгерлік жолы»; учитель истории ОШ имени Л.Кылышева, педагог-мастер, магистр истории, нештатный тренер ЦПМ (п.Шынғырлау, ЗКО) Сапашева Эльмира Ибрагимовна с докладом на тему: «Великая Отечественная, забытые имена. Возвращение имен забытых офицеров»; магистрант ОП «История» ЗКУ им. М.Утемисова Мәдениет Күзембаев Қанағатұлы с докладом на тему: «Жаңақалық жаужүрек батыр - Мәжит Жүнісов».

Конференция прошла на высоком организационном и научно-теоретическом уровне, став важной площадкой для профессионального обмена мнениями, обсуждения актуальных проблем истории Великой Отечественной войны памяти, современного восприятия событий 1941–1945 годов и укрепления международного научного сотрудничества. В резолюции конференции было отмечено, что сохранение исторической правды и передача памяти о войне новым поколениям — это не только научная, но и нравственная обязанность общества.

Г.Н. ЕСЕЕВА,
старший преподаватель ОП «Социальные науки»

Қасиетті қазақ әдебиетінің кемел классигі, қайталанбас қарымды да қабырғалы қаламгері Жұбан Молдағалиев туралы әдебиеттану теоретигі, академик Зейнолла Қабдоловқа сүйене айтар болсақ, «Жұбан ақын - қазақ поэзиясындағы, әдебиетіміздегі ірі құбылыс. Ол Оралдың ғана ақыны емес, қазақтың Жұбаны». Көрнекті ақын Жұбан Молдағалиев – адамзаттық, азаматтық мәселелерді көркем поэзия тілімен бейнелеп, ұлттық поэзиямызды қайталанбас жыр жауһарымен байытқан, соңына мол шығармашылық мұра қалдырған зор талант иесі.

Ақ Жайықтың киелі топырағында дүние есігін ашып, қыран құстай қияға самғап, алты Алаштың Жұбанына айналған ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтың 100 жылдығына орай 2020 жылы тұңғыш энциклопедия өз оқырмандарына жол тартты (*Жұбан Молдағалиев. Энциклопедия / Бас редакторы А.С.Қыдыршаев. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспасы, 2020. -608 б.+16 б. түрлі түсті фотосурет*). Бұл біздің батысқазақстандықтар үшін зор мақтанш болды. Басылымда Жұбан ақынның ерлік пен азаматтыққа, өршіл рухқа, перзенттік парызға, туған халқына шексіз сүйіспеншілікке толы өмір жолы мен әдеби мұрасы жинақталып, тұлға туралы жазылған замандастарының, әдебиет зерттеушілерінің еңбектері туралы мол деректер топтастырылды. Сол тұста Батыс Қазақстан облысының әкімі болған Ғали Есқалиев: «*Бұл энциклопедия – елдігіміздің, ақынға шексіз құрметіміздің белгісі*», - деп еңбекті жоғары бағалап, осы құнды еңбекті баспаға дайындаған редакция алқасына зор алғысын айтқан-ды...

Жұбан ақын - мәңгілік махаббатты шебер жырлаушы лирик ақын. Мәселен, Жұбан ақынның «*Мен қазақ әйеліне қайран қалам*» атты атақты өлеңінде тарихтың төлкегіне көне жүріп, небір қиыншылықты басынан өткізсе де

қазақтың елдік, ерлік тарихы, кеңес дәуіріндегі адамдардың болмыс-бітімі, ой-армандары мен болашаққа сенімдері, Ұлы Отан соғысы әкелген қайғы мен қасірет, әр алуан адамдардың жан дүниелеріндегі өзгерістер мен нәзік сезім иірімдері барынша шынайы суреттелген. Сол себептен Жұбан Молдағалиев шығармашылығының алтын арқауы тек оның лирикаларында ғана емес, сондай-ақ ақынның кең тынысты, мол пішілген, ұлттық рухты эпик екендігін алдымызға жайып салатын шығармалары - поэмалары. Осы тұста сұңғыла сөз зергері Зейнолла Қабдолов: «*Мен-қазақпын*», «*Жесір тағдыры*», «*Қыран дала*», «*Сел*», «*Байқоңыр баспалдақтары*»... *Әйтеуір осылардың біреуін жазып қоя қойса да Жұбан Молдағалиевтың қазіргі қазақ поэзиясына, оның ішінде поэма жанрының дамуына қосқан үлесі ешкімнен олқы соқпас еді*», - деп жазған-ды...

Қазақстанның халық жазушысы Жұбан Молдағалиев поэзиясы - ұлт әдебиетінің алтын қорынан ойып орын алатын руханият жауһарларының бірі. Ұлт поэзиясына үлкен жаңалық әкелген ақынның шығармашылық әлемі аса бай әрі жан-жақтылығымен назар аудартады. «*Мен - қазақпын*» деп әлемге жар салған Жұбан ақынның лирикалық және эпикалық туындылары қазақ асыл сөзінің қайнар бұлағына айналып, өлең сүйер, өнер сыйлар әр оқырманның жүрегіне жаулар дүниеге айналып үлгергені көміл. Ақын поэмалары ішінде халықтық шығармаға айналып кеткен, республиканың әдеби-мәдени өмірінде үлкен толқу, жаңалық әкелген поэмасы - «*Мен - қазақпын*» туындысы. Бұл дастан кеңестік дәуір әдебиетінің де үлкен жетістігі қатарында. Поэма қазақ ұлтының рухын ұштап, мәртебесін биіктеткен, ұлт тұлғасын аспандатқан шығарма. Бұл ретте көсемсөзші Әділбек Ыбырайымұлының: «*Жұбан Молдағалиев*» десе, *оқырманның көкейіне «Мен - қазақпын» поэмасы бірден сақ тне қалады. Автордың есімімен шығарманы атауы қатар жүруі көп қаламгерге бұйыра қоймаған несібе*» деуі

сол қазақтың атынан тарих шежіресін шертуші ақынның өзі. Өйткені ол қазақ ұлтының бірегей өкілі. Бұл негізінен Жұбан шығармаларының көпшілігіне тән ортақ құбылыс. Жұбан ақын поэмасы қазақ әдебиетінің тарихындағы өз маңызын қай қоғамда да, қай дәуірде де жоймайтын кесек те іргелі шығарма. «*Мен - қазақпын*» дастаны - Жұбан ақынның басты туындысы. Бүгінде әлемді шарлап жүрген ғалым жазушы Роллан Сисенбаев: «*Жұбан Молдағалиев әдебиетімізде өз жанын да, өлең жанын да, өнер жанын да жарқыратқан үркердей Асыл ағалар тобынан еді. «Мен - қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деп атоялаған Алып ақын бір жол өлеңіне бір халықтың тарихын сыйдырып жүре берген*» деп тамыршыдай дәл баса айтқан. Құптарлық түйін!..

Халық қолдауына ие болған, оқырманын ойлантар Жұбан жырларында адам жадында жатталып қалатын сериалды қанатты сөздер молынан ұшырасады. Мәселен, «*Өмірдің жолы кереғар, Суықтан кейін ыссы бар*», «*Жау берсең, доспен тағдыр жауластырма, Дау берсең, әйелмен тек дауластырма*», «*Сүйгенге сүйе білген еркелейді*», «*Дарынды адам даңққұмар*», «*Алдында махаббаттың тас жібиді*», «*Сүйген қандай, сүйікті болған қандай!*», «*Ер жоқта ергежейлі ерсінеді*», «*Ақиқат, ақын ақын бола алмайды, Қол үзсе сүйініштен, күйініштен*», «*Ана жас - ұлымен, қызымен, Қыс күшті қарымен, мұзымен*», «*Мен қазақ әйеліне қайран қалам, Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған*», «*Жер - құдірет, жер - алдияр, жер - дана, Теңеу болса әйелге тең жер ғана*», «*Жаңа бар жерде, көне бар, Ащы бар жерде, тұщы бар*», «*Тәттісін қалай ұғарсың, Ащының дәмін татпасаң*», «*Оңай емес жылар жерде күлімдеу, Оңай емес өзезілден бүлінбеу*», «*Ашыққанға нан арман, Адасқанға таң арман*», «*Арман-қаны жүректің, қансыз жүрек соқпайды*», «*Пешкадан шах та, мат та жаралады, Солдаттан маршал жолы басталады*», «*Ұятпен адамдық өлшенді, Ұятпен адалдық өлшенді*»,

«Жыры мәңгі жасайтын Жұбан ақын»

(Қазақ ақыны Жұбан Молдағалиевтың туғанына 105 жыл толуына орай)

аналық бейнесін сақтаған әйелді дүниенің бар салмағын көтерген жермен теңестіруі қандай сәнді десеңізші! «*Мен қазақ әйеліне қайран қалам, Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған. «Қатынның шашы ұзын, ақылы қысқа», Дегенді айттың екен қайдан, бабам?.. Әжелер секілді бір батыр маған, Ықпаған нажағайдан сатырлаған. Қазақтың еш әйелі өз ырқымен, Ешкімге, еш алтынға сатылмаған... Сарадай ақын болған, би де болған, Динадай дана, дарқан күй де болған. Найза алып, қол бастаған, жауға шапқан, Бал-бұл гүл, бақта бұлбұл, түзде балуан... Мен қазақ әйеліне қайран қалам! Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған. Сол менің жүрегімнің ханышасы, Жыр шоғын ұсынамын Айдан да оған*». Иә, Жұбан сынды тұлғалы ақын ағамыздың бұл өлеңі қазақ әйеліне сөзбен тұрғызылған өшпейтін ескерткіш (*Жұбан Молдағалиев энциклопедиясы, 13-бет*)...

Жұбан Молдағалиев – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері биігіндегі ақын. Оның қайраткерлігі 1953-1983 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші, бірінші хатшысы болған жылдарында айрықша танылды. Ал дүниені сілкіндірген 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезіндегі азаматтық позициясының айқындығы, өз ұлтын ерекше сүйетін өр рухы бүгінге дейін аңыз болып айтылуда. Бүгінгі қазақ ұрпағы сол кездегі оқиғаға жаны ауырып, жастарға араша түскен бірлі-жарым зиялы қауым өкілдерін құрметпен еске алады. Сол құрметке ие азаматтардың бірегейі - ақын Жұбан Молдағалиев. Осы жолы «*Желтоқсанның көргенше он алтысын, Бір күн бұрын батсамшы, батар күнмен*» деп жүрекжарды шындығын жеткізген ақын жүрегіне сызат түскен сыңайлы. Сол жиындағы стенографиялық жазбада былай деп жазылған: «*Что хотите от моего народа, дорогой товарищ? Казахстан был лабораторией дружбы народов. Отняли у нашего народа все. И веру, и язык. Ваши братья поднимают целину, (топтали) тракторами степных (могил) моих предков. И это мы простили. Что еще хотите?.. Я не могу быть вашим сторонником!*» - деп, ақырын басып, мінберден түсіп кетеді. Бұл сөздерді тоталитарлық режим кезінде республиканың бірінші басшысына қарата тайсалмай айту - ердің ерінің қолынан келетін ерлік. Жұбан ағаның бұл батылдығы - қазақ жастарына мәңгі үлгі! (*Энциклопедия, 14-бет*)...

Жұбан Молдағалиев - азамат ақын. Оның шығармаларының бойынан азаматтық өуен еседі және тақырып ауқымы кең, түйіп айтар ойы сабақтасып келеді. Ақын саяси тақырыптан азаматтық ұғымға, туған жер тақырыбынан философиялық толғам тудыруға оңай ауысып отырады. Жұбан Молдағалиев - лирикалық туындылары мен әдеби сын еңбектерін айтағанның өзінде артына қомақты эпикалық мұра қалдырған ақын...

Жұбан ақын өз оқырмандарының жадында ұлтын сүйген азаматтық үнімен қазақ поэзиясының поэма жанрын жаңа бір белеске көтерген эпик ақын ретінде сақталуда. Қарымды қаламгердің қаламынан туған поэмалары тоталитарлық кеңес заманында өскелең тұрпақты отаншылдыққа, ерлік пен жігерге, әсіресе, ұмытылып, өшуге айналған ұлттық рухты қайта тірілтіп, ел мен жердің өткен тарихына құрметпен, мақтаншпен қарауға үндейді. Оның поэмаларында

әбден қолдауға лайық тұжырым. Ақын «*Мен - қазақпын*» атты толғауында қазақ халқы атынан мінбеге шығып, тарихи шындықты, халықтың эпикалық өмірін кестелеген. Ақын сан түрлі тақырыптағы лирикалық шығармаларында туған жер, Отан, өз ұлтына сүйіспеншілік, қазақ тілі, оның тағдыры, ана, әйел, махаббат, соғыс және бейбітшілік, замандастар бейнесін арқау еткен. Ақынның шеберлік үдерісін терең меңгеріп, ұлт ойының жоқшысы боп, ұдайы ел-жұртымен жыры арқылы терең байланыс орнатып, ақын-оқырман боп екі арада алтын көпір салғанына дәлел оның ұдайы үлкен сұранысқа ие толайым туындылары. Талғамы зор оқушының талап-тілектеріне сай келетін лайықты жыр жинақтарының әр жылдарда үзіліссіз басылып отыруы Жұбан ақын мұрасының мәңгілікті мұрат еткен өшпес, өлмес, тозбас қасиетінен болса керек. «*Мен - қазақпын*» поэмасын зерттеушілер шығарманы публицистикалық дастанға жатқызығанымен, оның тарихи деректілік оқиғаларға қатысты тірек-деректері қазақ елінің өткені мен бүгінін тығыз байланыстыратын, күллі жұрттың жүрегіне жаулап алған тағылымды тарихымен қызықтыра түседі. «*Мың өліп, мың тірілген*» қазақтың бірнеше ғасырлық тарихына шолу жүргізуді мақсат еткен поэма құрылымы он бөлімнен тұрады. Өр бөлім қазақ қоғамының даму, өсу баспалдағын көрсететін тарихи деректерге сүйенген. Поэмада қазақ даласының қатпар - қатпар тарихы оны мекендеуші ұлттың мінез-құлқымен байланысты берілуі - ұнамды әрі бірегей тапқырлық үлгі. Поэманың көркемдік әрі, ұнамдылық, көркемдік дәрежесін көтеріп тұрған, көзге көп байқалмас желі, жіңішке бір тін бар. Ол ұлт есімінің үздіксіз дәріптелуі, ұмыттырмас оқиғаларды еске сала отырып, оқырман жігерін жанып, намысын қайраттандырып, ер тұста бас көтеріп, еске салып отыруы. Мәселен, *Ұлы аманат етейік еркіндікті, Ел құлдықты білмесін, жер күндікті. Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең, «Қазақ болу - зор бақыт» дер күн тіпті*...

Дастанның тақырыпқа сай жазылуында ұлт болмысының барлық болмыс - бітімі, қазақ халқының мінез-құлқы, жеке ұлт ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, философиялық, психологиялық, эстетикалық таным тұрғысынан кең масштабта жырлануының орны бөлек. Поэманың әр бөлігі белгілі бір кезеңнің, дәуірдің тынысын танытып, сол заманның оқиғаларынан сыр шертеді. Демек, «*Мен - қазақпын*» поэмасы - тарихи шығарма. Ақын поэмасына арқау еткен тарихи оқиғалар ойдан шығарылған қияли фантастика емес, нақты деректер негізінде дүниеге келген тарихи шындық. Ол халық тарихының кезең-кезеңдерін өз басынан өткізгендей күйде суреттейді. Қазақты «*мен*» деп жырлайды. Қазақтың барлық өткен тарихын сол лирикалық «*меннің*» бойына жинақтайды. «*Мен - қазақпын, мың өліп, мың тірілген, Жөргегімде таныстым муң тілімен. Жылағанда жүрегім, күн тұтылып, Қуанғанда, күлкімнен түн түрілген... Мен - қазақпын, биікпін, байтақ елмін, Қайта тудым, өмірге қайта келдім. Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске, Айта бергім келеді, айта бергім!*...»

Ақын көлемді шығарманың өн бойында басты кейіпкер ретінде қазақ халқының табиғи мінезін, түп тамырын, тарихын, таным-түсінігін, күллі ұлтқа тән қасиетін жинақтап бірінші жақтан баяндайды. Яғни, бұл жердегі басты образ

«*Нұр қайнары адамның жанарында, Жаза алады көз небір жараны да*», «*Көзден өткір нәрсе жоқ жер дүниеде, Мұз боп қарып, от болып жанады да*», «*Балдан да жалай берсең, дәм кетеді*», «*Тұрмайды өлеңнен соң, соққан белгі, Бір ауыз жылы сөзге тірідегі*», «*Өлең тек арлы арудай, Өзі іздел келмес жігітті*», «*Тіршілік тек әдемі ұран емес, Сондай - ақ құстың бәрі қыран емес*», «*Көптің бірі болайық шаттанғанда, Көптің бірі болмайық даттанғанда*», «*Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең, «Қазақ болу - зор бақыт» дер күн тіпті*», «*Азамат адамгершіліктен ғана жаралады*», «*Еңбек - поэзия*» деген сияқты ойға қонымды, тілге жеңіл тіркестер молынан кездеседі. Ақын шығармаларын оқи отырып мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің сыртқы пішінін өзгеріп, поэзия заңдылығына сай қалып тапқанын аңғарамыз. Оларды сол күйінде қоя салмай, өзінше өңдейді, әдемі инверсияға айналдырады. Мәселен, «*Халықпыз қасын да аспен кесектейтін*», «*Қорқақтар бір аттаса, он бұғады*», «*Жақсыдан салт қалады, ат қалады*», «*Ілінер дейді жөргем де, жылжыған, жүрген аяққа*», «*Көсілген көрпеге сай арыс-алып*» т.б.

Қысқасы, Жұбан Молдағалиев - эпикалық шығармаларында өзі таныған ақиқат шындықты белгілі бір образдардың бойына жинақтай отырып көрсетуге машықтанған ақын. Сонан да болар оның сомдаған образдары жылдар өтсе де ескірмей халық жадында сақталуда. Ал ақынның бас туындысына берілген бағалар легі де бір шоғыр. *Кейбірі төмендегіше: «Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасы - қазақ даласын дүр сілкіндіріп, әлсіз рухқа жан бітірген, кеуделердегі сенім шоғын үрлеген үлкен шығарма»* (Ғабит Мүсірепов); «*Осы заманның сөзін сөйлеп жүрең, сөйлеп кеткен қаншама ақын бармыз. Соншамыздың аузымыздан басқа емес, бір ғана «қазақ» деген сөз шығып кетсе болды, «мынау нағыз ұлтшыл» деп қайсыбірімізді түрмеге жауып, қайсыбірімізді енді ауыз ашпастай етіп жазалап жатқанда, мына Жұбан ініміздің «Мен-қазақпын» деп айқайлаған үні өзінің рухани ажарын жоғалтпай, аспанымызда тұрып қалды. Бұған не дерсің! Құдды бір өртенген өлкенің ортасында жанбай жалаулап қалған бір уыс жасыл шөптей желбіреп, жан-жағындағы тіршілікті қайта жандандырғандай болды. Бұл - Жұбан інімінің ырыс-бағы, ар-намысы болар. Қала берді, ол бүкіл қазақтың ырыс-бағы мен ар-намысын сақтап қалғандай болды. Алланың мұнысына да шүкір!*» (Өзбiлдa Тәжiбаев).

Сөзіміздің соңын тағы да Жұбан інісіне Әбділда ақын Тәжiбаевтың арнаған ақ тілегімен түйіндегіміз келеді: *Бар қазақ, Жұбанына сенбеп пе еді, Ақынын пайғамбардай көрмеп пе еді. Есінен туған елдің шығар қалай, Жырыңмен жас ұрпағын тербеткенің!*..

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Мақсат ҚЫДЫРШАЕВ,

Италия университетінің (Universita di Siena)(грант) II курс магистранты, М.Өтемiсов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 2023 ж. түлегі

Отанға қызмет ету – жастар таңдауы!



М.Өтемісов атындағы БҚУ-да алғаш рет жүзеге асқан «Отанға қызмет – азаматтық міндет» әскери-патриоттық жобасы өз мәресіне жетті. Бұл жоба 7 мамыр — Отан қорғаушылар күні мен Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылды.



Бір ай бойы білім ордасының ер азаматтары 8 аталым бойынша сынға түсті. Мұндай іс-шаралар рухты оятып, жігерді жанитын шынайы тәжірибе алаңы болды. Патриоттық жобасы аясында жігіттер арқан тартып, білек күшін сынап, гір тасын көтерді. Оған қоса садақ атып нысанаға мылтықпен дәл көздеді. Ал финалдық бәсекеде қатысушылар уақытқа автомат шашып, саппен жүріп өтті. Осылайша, бір айға созылған әскери-патриоттық жобасының қоласы Жаратылыстану және География факультетіне бұйырды. Ал екінші орынға Педагогика факультеті тұрақтаса, Физика-Математика факультеті жобаның жеңімпазы атанды. Қонақтар қатарынан елге еңбегі сіңген ардагерлер көрінді. Мерғали Серғазыұлы, Сатыбалды Шамырғанұлы, Эльдар Халелов жастарға жүрекжарды тілектерін арнап, «Отанға қызмет ету – әр азаматтың қасиетті парызы» екенін атап өтті.



ЖЕҢІС ТАРИХЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық орталық әмбебап ғылыми кітапханада қазақ әдебиетінің классигі, ХХ ғасырдың ұлы суреткері, көрнекті қоғам қайраткері Ғабит Мүсіреповтің тұңғыш туындысы «Қазақ солдаты» романының – 80 жылдығына орай танымдық кеш өтті.



Іс-шарада Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Алтынай Жауырбекқызы жазушы Ғабит Мүсіреповтың шығармаларын баяндаса, облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының оқытушысы Зухра Тельманқызына «Қазақ солдаты» романындағы кейіпкерлерді суреттеу шеберлігі жөнінде әңгімелеп берді. Сондай-ақ Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ студенттері «Қазақ солдаты» романынан үзінді қойды. Кеш соңында оқырмандар назарына қаламгердің өмір жолы жайында «Ұлт мақтанышы» атты бейнебаян, «Қазақ солдаты» романының басты кейіпкері, оның басты прототипі – Кеңес одағының батыры, атыраулық Қайырғали Смағұлов жөнінде бейнебаян ұсынылды. Жиынға Орал гуманитарлық-техникалық колледжі, жоғары аграрлық техникалық колледжінің студенттері қатысты.

Жұбан Молдағалиев атындағы БҚО орталық әмбебап ғылыми кітапханасы

Шағын футболдан спорттық сайыс өтті

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында шағын футболдан спорттық сайыс өткізілді.

Аталған турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыра түсті. Сайыс нәтижесінде жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

Үшінші орын – Әкімшілік құрамасы;

Екінші орын – Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының құрамасы;

Бірінші орын – Дене тәрбиесі кафедрасының құрамасы.

Жеңімпаздарды құттықтай отырып, алдағы уақытта да осындай спорттық іс-шаралар жалғасын табады деп сенеміз!



XVII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ПӘНДІК ОЛИМПИАДА

Жуырда әлеуметтану пәні бойынша дәстүрлі XVII Республикалық студенттік пәндік олимпиада өз мәресіне жетті. Аталған білім додасы — Қазақстандағы болашақ әлеуметтанушылардың кәсіби дайындығын арттыру, ғылыми ізденістерге ынталандыру және ЖОО арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында ұйымдастырылады.



Олимпиадаға республиканың жетекші оқу орындарынан 8 команда қатысты. Олар — М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Нархоз университеті.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінен қатысқан «ЖАЙҒАҚ» командасы өз оқу орнының намысын абыроймен қорғады. Команда құрамында:

- Мутиголлаева Аружан — команда капитаны
- Аманғалиева Әсем
- Ғабділқәкім Әділет

Ерланов Нұрдәудет — мобилограф ретінде команданың шығармашылық жұмысын жүргізіп, визуалды контентін әзірледі.

«ЖАЙҒАҚ» командасы байқау барысында өздерінің ғылыми дайындығын, әлеуметтанулық ойлау қабілетін, заманауи әдіс-тәсілдерге бейімділігін және командалық жұмыс мәдениетін жоғары деңгейде көрсете білді. Ғылыми тартыста команда жүлделі III орынды жеңіп, құнды сыйлықтар және дипломмен марапатталды. Бұл дода жас мамандар үшін тек жарыс қана емес, сонымен қатар тәжірибе алмасу, кәсіби байланыстар орнату және өз әлеуетін таныту алаңы болды.

«ӘНМЕН ӨРІЛГЕН ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫ»

Филология факультетінде «Толқын» ұйымының «Әнмен өрілген әйел тағдыры» атты алғашқы концерттік іс-шарасы өткен болатын. Бұл іс-шараның мақсаты — қазақ қыздарының қоғамдағы орны қандай маңызды екенін ән арқылы көрерменге жеткізу болды.

Төрт ғасырдағы әйел бейнесін көрініс арқылы бейнелеп, көрерменге ерекше әсер қалдырды. Іс-шара соңында факультетіміздің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Наби-Али Ғабасұлы мен тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Аханова Альбина Сансызбайқызы игі тілектерін білдіріп, бұл кешті қорытындылады. Егерде әнге қызығушылығыңыз болса, біздің «Толқын» ұйымына қосылыңыз! Бізбен бірге толқынды вайбы сезініңіз.

Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ,
ФИЛ-12 студенті

«ҚЫЗЫҚ ПРЕМИЯ» ҚЫЗЫҚТЫ ӨТТІ

ФМФ қабырғасында дәстүрге айналған «Қызық TIMES 1 & 2» жобасы өз мәресіне жетіп, қорытындысы ретінде «Қызық Премиясы» салтанатты түрде ұйымдастырылды.



Іс-шара барысында университет пен факультет өміріне белсене араласып, өз үлесін қосқан, ғылым мен өнерде, спорт пен қоғамдық жұмыстарда ерекше көзге түскен студенттеріміз арнайы «Оскар» статуеткалары және құрмет дипломдарымен марапатталды. Сондай-ақ, факультетаралық достық пен серіктестікті нығайту мақсатында 6 факультеттің студенттік декандарына

зор алғыс білдіріліп, алғыс хаттар табысталды. Бұл кеш — еңбектің бағаланатын, таланттың танылатын, достықтың ұлықталатын сәті болды. Физика-математика факультетінің жастары — әрдайым алда!

Жаннур ЕРМЕКБАЙ,
МФ-23 студенті

Облыстық пікірсайыс турнирі өтті

Ағымдағы айдың 17-сі күні Жаңақала ауданында аудан әкімдігінің бастамасымен «Жаңақала CUP» атты турнир өткізілді. Бұл додаға Батыс Қазақстан облысының әр өңірінен 12 фракция қатысып, өзара бақ сынасты. «Ақиқат» жастар қоғамдық бірлестігінің ПО құрамынан 5 фракция қатысып, жүлдемен оралды.

Турнир қорытындысы бойынша:

1. «Бұйырғаны» фракциясының мүшелері — **Бозова Зарина** мен **Талапова Дильназ** жүлделі 1 орын алып, 100 000 теңге көлеміндегі сыйақыға ие болды.

2. «501» фракциясы — **Қарғабаева Маржан** мен **Ширмедин Ақбота** да жүлделі 3 орынға ие болып, 50 000 теңгелік сыйақыны жеңіп алды. Сонымен қатар Финиетолла Гүлмаржан төрешілер құрамында қызмет атқарып, клуб мүшелері жоғары деңгейде ойын көрсетті.



Педагогика факультетінің әдістемелік айлығы аясында білім берудің жаңаша форматтағы мазмұны мен құндылықтарға негізделген тәрбиені насихаттау мақсатында маңызды іс-шара өткізілді.

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ЖОО мен мектеп тәжірибесін тоғыстырған шеберлік сыныбы

«Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы» БББ-ның доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты І.Ө. Хасанова, № 37 ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімдері, педагог-зерттеуші, магистр Л.К. Абдрахманова және педагог-сарапшы, магистр А.Б. Дүйсекенованың ұйымдастыруымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш білім беру жүйесіндегі негізгі өзгерістер: ЖОО мен мектеп тәжірибесі» атты шеберлік сыныбы тағылымды деңгейде өтті. Шеберлік сынып барысында «Бастауышта білім беру» бағдарламасының 2-курс студенттері қазіргі бастауыш білім беру саласындағы өзекті өзгерістермен танысып, құндылықтарға негізделген білім беру мен тәрбие үдерісіндегі жаңа тәсілдерге ерекше қызығушылық танытты.

Шеберлік сыныптың мазмұны терең әрі тәжірибеге бағытталған болды. «Мейірім үшін жасалған қадам» атты жағдаяттық мәтін арқылы студенттер мейірімділік, адалдық, жауапкершілік сияқты адамгершілік құндылықтар төңірегінде ой ербітіп, пікір алмасты. Аталған мәтін оқушы тұлғасын қалыптастыруда құндылықтардың рөлін терең түсінуге жол ашты. Сонымен қатар «Адал азамат» біртұтас тәрбие

бағдарламасы таныстырылып, ондағы алты негізгі құндылықты (Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық) оқушылардың, студенттердің бойына қалай дарытуға болатыны туралы мазмұнды пікірталас жүргізілді.



Студенттер аталған құндылықтарды сабақты жоспарлау мен өткізу үдерісіне енгізудің түрлі тәсілдерін ұсынып, постерлік жұмыс арқылы шығармашылықтарын көрсетті.

Қорытынды бөлімде «Жүрек, Ақыл, Қол» әдісі арқылы Не сезіндім? Қандай әсер қалдырды? Не шабыттандырды? Қандай жаңа білім алдым? Қандай ой түйдім? Алдағы уақытта қандай қадамдар жасаймын? Қай білімді қалай қолданамын, деген сияқты жүрегімен сезінген, ақылмен түйген және болашақта қолымен, іс-әрекет арқылы қалай жүзеге асыратын ойларымен әсерлі түрде бөлісті. Бұл әдіс студенттердің эмоциялық, танымдық және практикалық әрекеттерін ұштастыра отырып, кәсіби өзіндік бағалауға мүмкіндік берді.

Шеберлік сынып студенттердің болашақ маман ретінде кәсіби көзқарасын қалыптастырып, құндылықтар арқылы бала тәрбиесінің маңызын ұғынуға мүмкіндік берді.

Іңкәр ХАСАНОВА,

«Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы» БББ-ның доценті, п.ф.к.

ЕРЛІК БОРЫШЫ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ: СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ



Кездесудің бірінші бөлігінде сөз алған Тәжік-Ауған соғысының ардагері М.Батыргужин өзінің жауынгерлік жолын еске алды. Соғыс жылдарындағы қиындықтар мен майдандағы ерліктері туралы әңгімелеген ардагер, отанға қызмет ету — бұл әр азаматтың қасиетті борышы екенін атап өтті. «Мен үшін Отан алдындағы борыш — бұл тек қару ұстап, соғысу емес, сонымен қатар еліміздің тәуелсіздігін сақтап қалу, бейбітшілікті қорғау, біздің ұрпақтарымызға әділетті қоғам қалдыру», — деді Мүсілім Батыргужин. Ардагер соғыстың қаншалықты ауыр болғанын, бірақ соған қарамастан, әрбір жауынгердің жүрегінде туған жеріне деген махаббат пен ел алдындағы міндет сезімінің басым болғанын айтты. М.Батыргужиннің сөзі қатысушыларға Отанға деген сүйіспеншіліктің шынайы мағынасын түсінуге көмектесті. Соғыс ардагері жастарға тек әскери борыш қана емес, әрбір азаматтың өз ісінде, өзінің кәсібінде, қоғамдағы рөлін атқару арқылы ел алдындағы жауапкершілікті сезінуі қажет екенін айтты. «Әрбір күніміз Отанға деген қызмет болуы керек», — деп сөзін

2025 жылдың 22 сәуірінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті педагогика факультеті бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасын оқытушысы Э.Е. Халелов, А.С.Рахметжанов ұйымдастырған ерекше кездесуде Тәжік-Ауған соғысының ардагері запастағы аға-сержант Мүсілім Батыргужин және Орал қаласының ҚІЖБ тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімінің бастығы Р.С. Дуйсенғалиев ерлік борышы мен патриоттық тәрбиенің маңыздылығы туралы пікірлерімен бөлісті. Іс-шараға университет студенттері және Әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялар бөлімінің әдіскері Л.Д. Ермекбаева қатысты. Кездесу патриотизм мен ел алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған еді.

қорытындылады Мүсілім Батыргужин.

Келесі кезекте сөз алған Орал қаласының ҚІЖБ тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімінің бастығы Р.С. Дуйсенғалиев, патриоттық тәрбиенің қазіргі жастар үшін ерекше маңызды екендігін атап өтті. Оның пікірінше, жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу арқылы еліміздің болашағын жарқын етуге болады. «Патриотизм — тек туған жерді қорғау ғана емес, ең бастысы — өз міндеттеріңді адал атқару, қоғамда әділ болу, өз елімізді әлемге таныту», — деді Р.С. Дуйсенғалиев. Сонымен қатар ол елімізде патриоттық тәрбиені қалыптастыру

бағытындағы жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын атап өтті. Әскери-патриоттық клубтар, тарихи орындарға экскурсиялар, оқушыларға арналған патриоттық шаралар мен тренингтер патриоттық тәрбиеге бағытталған маңызды қадамдар екендігін айтты.

Р.С. Дуйсенғалиев жастарды ел тарихын құрметтеуге, өзінің азаматтық борышын сезінуге шақырды. Оның айтуынша, қазіргі таңда жастардың бойында өз елінің тарихын білуге деген қызығушылық артып келеді. Әсіресе, жастардың ұлттық құндылықтарға, ұлттық әдебиетке, мәдениетке деген

қызығушылығы еліміздің патриоттық рухын арттыруға үлес қосады.

Кездесу барысында студенттер өздерінің сұрақтарын қойып, пікірлерімен бөлісті. НВИФП-топ студенттері «Мен елімнің тарихын, батырларымыздың ерлігін оқыған сайын, Отанға деген сүйіспеншілігім артады. Ел үшін жасаған ерліктерімізді білу, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу — біз үшін үлкен міндет», — деп өз ойын білдірді. Бұл пікір жас ұрпақтың патриотизмге деген көзқарасын айқын көрсетеді.

Кездесудің соңында М.Батыргужин және Р.С. Дуйсенғалиев жастарды өз елін, жерін қорғауға, оның тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтау үшін еңбек етуге шақырды. Олардың айтуынша, ерлік пен патриотизм тек әскери қызметпен шектелмейді, бұл әр адамның өмірінде көрініс табуы тиіс құндылықтар. Ерлік борышы мен патриоттық тәрбие — бұл тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның күш-қуатын арттыратын маңызды фактор.

Бұл кездесу патриотизмді дәріптеу, жастарға ерлік пен борышты ұғындыру үшін маңызды қадам болды. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын осындай құндылықтар арқылы біз елдің болашағына сеніммен қарай аламыз.

Асхат РАХМЕТЖАНОВ,

Бастапқы әскери және дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау БББ аға оқытушысы, магистр

Елдар ХАЛЕЛОВ,

Бастапқы әскери және дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау БББ оқытушысы



ҚАЗАНҒАП МҰРАСЫ – ҚАЗАҚ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

«Мәдениет және өнер саласында кәсіби кадрларды даярлаудың заманауи технологиялары» атты әдістемелік айлық аясында музыкалық білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр А.Ж.Кенжеғалиева студенттердің қатысуымен арнайы музыкалық аспап «домбыра» пәні бойынша Қазанғап Тілепбергенұлының шығармашылығына арналған дәріс-презентация өткізді.

Қазанғап Тілепбергенұлының шығармашылығы – қазақтың дәстүрлі күй өнерінде өзіндік орындаушылық мәнері мен ерекше қолтаңбасы бар ұлттық музыка мәдениетінің інжу-маржаны. Қазанғаптың күйлері терең философиялық мәнге ие болып, халықтың тұрмыс-тіршілігін, қуанышы мен мұңын бейнелейді.

Дәрістің мақсаты – Қазанғап Тілепбергенұлының өмірі мен шығармашылығын кеңінен зерттеп, күйлердің тарихи және көркемдік маңызын ашу, студенттердің орындаушылық шеберлігін арттыру. Дәріс барысында студенттерге Қазанғап Тілепбергенұлының өмірі мен шығармашылығы туралы кеңінен мағлұмат беріліп, оның күйлерінің философиялық мазмұны, әуездік ерекшеліктері және орындаушылық шеберлігі талданды. Күйшінің «Ақжелең» топтамасындағы күйлерінің маңызын ерекше атап өтті.

Ұлы күйшінің шәкірттері Жәлекеш Айпақов, Кәдіралы Ержанов, Мәжит Бейсенбаев, мұрасын зерттеуге зор үлесін қосқан академик Ахмет Жұбанов, Сәдуақас Балмағамбетов, Бек Сүлейменов сынды ғалымдардың еңбектерімен таныстырылды. Кәдіралы Ержанов пен Сәдуақас Балмағамбетовтың орындауындағы күйлері



бейнетаспадан тыңдатылып, ерекше әсер қалдырды. Студенттер Қазанғап күйлерінің тарихын айта отырып «Ақжелең», «Құс қайтару», «Он сегіз жасар Балжан қыз», «Учитель» күйлерін, қазіргі таңда сирек орындалып жүрген «Жем суының тасқыны», «Ұршықтың жұртта қалғаны» күйлерін, қыздар ансамблі «Шыныаяқ» күйін орындап, күйдің құрылымын, мазмұнын, әуездік байлығын тыңдаушыларға жеткізе білді.

Ашық сабаққа әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялар бөлімінің әдіскері Лаура Ермекбаева, Мәдениет және өнер факультетінің деканы Карылғаш Кажимова, факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары Нурдаулет Хабадашев, факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Раушан Қуаншалиева, музыка мұғалімдерін дайындау ббб-ның жетекшісі Қуаныш Кисметов және оқытушылар қатысты.

Дәріс соңында студенттерге Қазанғап күйлерінің

ерекшеліктері туралы сұрақтар қойылып, кері байланыс орнатылып, өзара пікір алмасу ұйымдастырылды.

Дәріс нәтижесінде Қазанғап күйлерінің қазақ музыка мәдениетіндегі орны ерекше екендігі атап өтіліп, олардың болашақ ұрпаққа рухани мұра ретінде маңыздылығы ерекше мәнге ие екені баса айтылды. Білім алушылар Қазанғап күйлерінің орындаушылық ерекшеліктерін тереңірек түсініп, ұлттық музыкалық мұраны сақтау мен насихаттаудың маңыздылығын ұғынды. Бүгінде Қазанғаптың күйлері еліміздің әртүрлі оқу орындарында оқытылып, кәсіби домбырашылардың орындауында маңызды орынға ие. Қазанғап Тілепбергенұлының шығармашылығын зерттеу мен кеңінен дәріптеу – қазақ күй өнерін дамытудағы маңызды қадамдардың бірі деп тұжырымдалды.

Ақшолпан КЕНЖЕҒАЛИЕВА,

Музыка мұғалімдерін дайындау БББ аға оқытушысы, магистр

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПОДГОТОВКИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КАДРОВ В ОБЛАСТИ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВ

На факультете культуры и искусств был проведен методический месячник на тему: «Современные технологии подготовки профессиональных кадров в области культуры и искусств».

Цель данного месячника – это обмен опытом между ППС, использование новых, инновационных технологий в подготовке высококвалифицированных кадров в современной индустрии культуры.



Так, например, 14 марта было проведено открытое занятие старшим преподавателем ОП Режиссура, хореография и культурно-досуговая работа, к.п.н. Айткалиевой Диной Набиолловной в группе КДР 31 и КДР 33 по дисциплине «Методика проведения культурно-досуговых мероприятий в школе» на тему «Современные технологии в проведении праздничных мероприятий в школе». В начале урока педагог активировал аудиторию, сделав экскурс в пройденный материал, были заданы вопросы по пройденным темам. Студентам была представлена презентация по теме данного занятия, которая содержала новые формы и виды организации досуга школьников, с учетом дифференцированного подхода, психологических и возрастных особенностей школьников. Студенты в свою очередь предлагали креативные мероприятия, интересные находки, адресованные школьникам разного возраста в проведении досуга, культурно-массовых, праздничных и

других мероприятий в целях всесторонне, гармонически развитой личности. Активное участие приняли студенты: Кубайдулла Мейргүл, Сарсенғалиева Махаббат, Аубекр Дария, Каиржанова Аида, Бахтығали Зада, Жасталап Акжунус, Канатулы Ришат, Балғабаева Нураим, Шохтиева Каракат, Ибраимова Акбота, Турарбекова Аружан, Қуанышбай Айбану, Бахытжан Аружан, Алип Жанат.

На занятии присутствовали преподаватели ОП режиссура, хореография и культурно-досуговая работа: Жумағалиева Г.Е. магистр, старший преподаватель, Кисметова Н.Л. магистр, преподаватель, Жумина Н.Н. магистр, преподаватель, а также, методист отдела методической работы и образовательных технологий Ермекбаева Л.Д.

К занятию обучающимся заранее были даны проблемные вопросы по теме, с которыми студенты успешно справились, так как современное обучение по

кредитной технологии направлено на не готовые получения знаний, а на самостоятельное изучение и добывание знаний: интернет-сайты, электронные учебники, работу с учебной литературой в библиотеке и т.д.

Надо отметить, что Дина Набиолловна, постоянно использует разнообразные формы и методы работы на всех видах занятий (брейн-ринг, информ-дайджест, информация плюс, тематический информационный час, деловые, ролевые, сюжетные игры, урок-путешествие и т.д.) на поиск не стандартных решений той или иной проблемы по данному предмету.

Дисциплина «Методика проведения культурно-досуговых мероприятий в школе» направлена на то, чтобы в будущем выпускники образовательной программы режиссура, хореография и культурно-досуговая работа, в дальнейшем умело применяли полученные знания на практике в работе со школьниками, формировать у учащихся «Я концепция», которая характеризуется следующими факторами: уверенностью в доброжелательном отношении к нему других людей; убежденностью в успешном овладении тем или иным видом деятельности, чувством собственной значимости, формирования у учащихся навыков сотрудничества, потребности в продуктивно социально- одобряемой деятельности, формирование интереса в соответствии с индивидуальностью личности, необходимых умений и навыков, формирование нравственного, эмоционального волевого мировоззрения, развитие познавательного интереса.

Таким образом, занятие прошло на высоком уровне, теоретические знания подтверждались практическими примерами, обучающиеся показали хорошие знания, компетентностный подход к данной дисциплине. Занятие прошло интересно, увлекательно, атмосфера доброжелательная, была установлена обратная связь с аудиторией.

В дальнейшем пожелаем Дине Набиолловне новых творческих поисков, талантливых студентов, успехов в работе.

Р.С. АБУОВА,

Старший преподаватель, магистр ОП режиссура, хореография и культурно-досуговая работа

«Везде исследуйте всечасно, что есть велико и прекрасно»

Примечательна прошедшая олимпиада ещё и тем, что на ней выступила команда от нашего университета, ЗКУ им.М.Утемисова. Наши олимпийцы проявили выдержку, мужество, и заняли почётное второе место в командном зачёте. В команде выступали студенты второго курса: Ким Юлия, Шашкова Олеся и Панфилов Николай. Помимо командного зачёта, наши олимпийцы отличились и в зачёте личном. Так, Ким и Панфилов разделили третье место в личном зачёте, за что и получили памятные кружки, и футболки с символикой МГУ. В общей сложности, командой было привезено 5 грамот, две за личный зачёт, одна за второе командное место, одна за творческий конкурс, и одна особая благодарность научному руководителю Гульнаре Сидегалиевне Умаровой.

Мы опросили прекрасную половину команды об их впечатлениях от участия в олимпиаде.

- Что вы можете сказать о программе олимпиады, о её заданиях? Какие вызвали трудности, а какие показались лёгкими?

Юля: На самом деле, задания олимпиады были совсем несложными. Конечно, пробелы в знаниях были весьма заметны, так как участниками были студенты всех курсов с 1 по 4. Видимо, поэтому задания были разного уровня. Все же это был для нас хорошим уроком на будущее. Это только повод усердно заниматься и работать дальше. Лично мне литература даётся гораздо проще, поэтому я набрала во втором туре максимальный балл.

Олеся: Задания были не столь сложными. Особенно лёгкими мне показались задания по фонетике. Трудности возникли с историей языка.

- Каковы ваши впечатления от поездки? Были ли трудности при проживании в общежитии?

Юля: Поездка мне понравилась, было крайне интересно посмотреть на завораживающие пейзажи и просторы

2 и 3 мая 2025 года, в городе Астане при Казахском филиале Московского государственного университета прошла республиканская олимпиада по русскому языку и литературе среди казахстанских ВУЗов. В Олимпиаде участвовали 7 команд. Участвовавшие команды занимали места по командным показателям.

*Евразийский Национальный Университет им. Льва Гумилёва (3 место)

*Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова (3 место)

*Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби (2 место)

*НАО «Торайгыров Университет» (1 место)

*Карагандинский Университет им. Е.А. Букетова (3 место)

*Казахстанский филиал МГУ им. Ломоносова (вне конкурса)



нашей страны.

Олеся: Всё очень понравилось, ведь наша столица Астана – город большой, красивый, обязательно ещё вернусь туда! Трудностей при проживании в общежитии не было, условия очень хорошие.

- Что тебе больше всего запомнилось с поездки?

Юля: Больше всего с поездки мне запомнились те ощущения, которые испытываешь, первый раз приехав в столицу с маленького городка. Осознание, что ты приехал не просто так, а потому что тебя «избрали», посчитали сильнейшим и доверились, вызывает мурашки.

Олеся: Мне больше всего

запомнилось сама поездка в поезде, достопримечательности столицы, участие в самой Олимпиаде.

- Понравилось ли тебе участвовать в олимпиаде, и есть ли желание участвовать в будущем?

Олеся: Да, мне очень понравилось участвовать в Олимпиаде, я проверила свой уровень знаний, появилась мотивация участвовать в следующих состязаниях по выяснению своего уровня знаний и умений как будущего специалиста по филологии.

Юля: В Олимпиаде мне очень понравилось участвовать, это отличный повод продемонстрировать себя и свои знания. Я обязательно поеду на

следующий год, и дальше будем прыгать только выше.

- Что ты можешь сказать тем, кто только хочет участвовать? На что стоит обратить внимание, и стоит ли вообще?

Олеся: Стоит выделить больше времени на подготовку. Очень хорошо повторить знания по всем уровням языка, обратить особое внимание на историю языка.

Юля: Тем, кто только собирается участвовать в подобных интеллектуальных состязаниях, я хочу посоветовать отбросить страх и любые оковы. Даже если страшно – всё равно двигайтесь вперёд, потому что только так мы обретаем настоящую силу и учимся чему-то новому. И помните, что всё обязательно получится!

Помимо основных двух туров по лингвистике и литературоведению, в программе также был представлен творческий конкурс. В его рамках нужно было рассказать о своей альма-матер. Каждый сделал это по-разному, кто-то с юмором, кто-то с поэзией. Наша команда сделала упор на историю и документалистику. В целом, слабых работ не было, победителями были все, и три места первенства были распределены между всеми командами. Наши филологи взяли одно из третьих мест.

Достижение второго места на республиканской олимпиаде является очередным доказательством, что наша филология, как и состав нашего университета сильна. Есть, конечно, куда расти, но уже можно уверенно сказать, что специалисты, выпускаемые нашим ВУЗом, будут и дальше работать на новые рекорды, достижения, и однажды обязательно эти труды принесут свои плоды в научной области. Благодарим за наши успехи наших преподавателей кафедры русской филологии, подготовивших нас к этому непросто и интересному интеллектуальному состязанию.

**Руслан СКОРИК,
Николай ПАНФИЛОВ,
студенты ФИЛ-22**

Иммундау дегеніміз – ағзаның белгілі бір жұқпалы ауруларға қарсы қорғаныш қабілетін қалыптастыру. Көп жағдайда бұл иммунитет қалыптасу арқылы жетілдіріледі. Вакциналар – ағзаның қорғану жүйесін нақты бір инфекцияға қарсы «жаттықтыратын», сол арқылы вирустар мен бактерияларға қарсы ерте әрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін биологиялық құралдар. Бұл — ұзақмерзімді әрі қауіпсіз қорғаныс. Көптеген студенттер бала кезден екпе алған. Дегенмен, вакцинация бір реттік шара емес. Осы себепті студент жаста кейбір екпелерді жаңарту аса маңызды. Мысалы, сіреспе, қызылша немесе тұмауға қарсы екпелер – әсіресе көпшілікпен байланыс орнататын, бір жерде тұрып, оқып жүрген жастар үшін өте өзекті.

Иммундаудың маңызы тек жеке адаммен шектелмейді. Қоғамның басым бөлігі вакцина алған жағдайда вирустардың таралуы тежеледі, бұл құбылыс ұжымдық иммунитет деп аталады. Мұндай жағдайда екпе ала алмайтын адамдар – сәбилер, қарттар және иммундық жүйесі әлсірегендер – жанама түрде қорғалады. Яғни, әр адамның вакцина алуы – тек өз қауіпсіздігі ғана емес, жалпы қоғамның денсаулығына қосқан үлесі болып табылады.

Соңғы жылдары екпе туралы түрлі жалған ақпараттар мен қауесеттер таралып кеткені жасырын емес. Кейбіреулер «вакцина қауіпті», «аурудан бәрібір

Қазіргі әлемде жұқпалы аурулар ел мен құрлықты талғамай еркін тарап жатыр. Мұндай жағдайда адам өмірін қауіпті инфекциялардан қорғаудың ең тиімді жолдарының бірі – иммундау. Әсіресе жастар арасында бұл тақырыпты көтерудің маңызы зор, себебі олардың көпшілігі білім алып қана қоймай, үлкен ұжымдарда өмір сүреді, түрлі ортада белсенді әрекет етеді. Осындай ортада инфекцияның таралу қаупі едәуір жоғары болатыны анық.



құтылмайсың» немесе «пайдасы шамалы» деген пікірлерге сеніп жатады. Алайда, бұл – ғылыми негізі жоқ тұжырымдар. Вакциналар бірнеше кезеңдік сынақтардан өтеді, қауіпсіздігі дәлелденіп барып қолданысқа енеді. Сирек жағдайда ғана жеңіл жанама әсерлер болуы мүмкін, ал ауыр салдарлар – өте сирек. Вакцина алған адам ауырып қалса да, ауру жеңіл өтеді, асқыну қаупі азаяды.

Қазіргі таңда жастар үшін тұмауға, В гепатитіне және адам папиллома вирусына (ВПЧ) қарсы екпелер аса маңызды. Бұл — жеке қауіпсіздікпен қатар, болашақ денсаулықты қорғаудың маңызды қадамы.

Университет студенттері үшін ең бастысы — өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау. Вакцина тарихын тексеріп, жетіспейтін екпелер болса, студенттік емханаға немесе жергілікті медициналық мекемеге барып, толықтыру қажет. Себебі ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу ерқашан дұрысырақ.

Иммундау – жай рәсім емес, бұл – болашаққа бағытталған саналы қадам. Әр адам екпе алу арқылы өз өмірін, жақындарының саулығын және тұтас қоғамның тұрақтылығын сақтауға үлес қосады. Қауіптің алдын ал – сенімді қорғануға жол аш.

**Венера БИГЕЛЬДИЕВА,
№3 қалалық емхана дәрігері
Гулжамал МАКУЛОВА,
М.Өтемисов атындағы БҚУ медициналық
орталықтың медбикесі**

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ

Қазіргі заман – технологиялардың қарыштап дамыған уақыты. Солардың ішінде ерекше қарқынмен дамып келе жатқан бағыттардың бірі – жасанды интеллект (ЖИ). Жасанды интеллект дегеніміз – адамның ойлау қабілетін еліктейтін, деректерді талдап, шешім қабылдай алатын компьютерлік жүйе немесе бағдарлама. Бұл технология қазіргі таңда көптеген салаларда қолданылып келеді: денсаулық сақтау, көлік, білім беру, өндіріс және тағы басқа.

ЖИ-дің басты артықшылықтарының бірі – үлкен көлемдегі ақпаратты тез әрі дәл талдай алу қабілеті. Мысалы, медицинада ол науқастың талдау нәтижелерін саралап, дұрыс диагноз қоюда дәрігерге көмек бере алады. Ал өндірісте – процестерді автоматтандырып, адам еңбегін жеңілдетеді, шығынды азайтады.

Білім беру саласында да ЖИ кеңінен енуде. Ол оқушылардың немесе студенттердің білім деңгейін жеке-жеке саралап, оларға жеке оқу бағдарламасын ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар виртуалды ассистенттер мен онлайн оқыту платформалары арқылы білім алу әлдеқайда қолжетімді әрі қызықты бола түсуде.

Алайда жасанды интеллекттің дамуы тек жағымды жақтармен ғана шектелмейді. Бұл технологияның адам еңбегін алмастыруы нәтижесінде жұмыссыздықтың өсуі мүмкін. Сонымен қатар ЖИ жүйелерінің қабылдаған шешімдері әрдайым әділетті болмауы мүмкін, себебі оларды жасаған адамдардың көзқарасы, қателіктері немесе алдын ала берілген деректер әсер етеді.

Сондықтан ЖИ-дің дамуын тек техникалық тұрғыдан ғана емес, этикалық, құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан да бақылау қажет. Жасанды интеллект адамзаттың өмірін жеңілдетіп, мүмкіндіктерді кеңейтетін қуатты құралға айналуы мүмкін. Бірақ ол дұрыс бағытта қолданылса ғана, бізге нақты пайда әкеледі.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект – бұл болашақтың басты кілттерінің бірі. Оны тиімді әрі жауапты түрде қолдану арқылы біз қоғамды жаңа деңгейге көтере аламыз.



Айым СЕРІК,
Эко-11 студенті

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ – МЕНЕН БАСТАЛАДЫ

Әрбір адам - қоғамның айнасы. Біз өзімізден бастамай, қоғамды түзете алмаймыз. Осы орайда дана қазақтың: «Бастамасақ — өзгермейді, өзгертпесек — түзелмейді» деген сөзі ойға оралады. Бүгінгі таңда ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке төнген үлкен қатердің бірі — сыбайлас жемқорлық. Ал бұл дертпен күресті әркім өзінен бастағанда ғана әділетті қоғам орнайды.

Сыбайлас жемқорлық — мемлекеттің дамуын тежейтін, халықтың билікке деген сенімін азайтатын қауіпті құбылыс. Ол тек заңмен емес, сана арқылы жеңіледі. Себебі «Таза ел — адал адамнан басталады». Егер әрбір азамат өз ісінде әділдік пен адалдықты ту етсе, ешқандай заң бұзушылыққа жол бермесе, онда жемқорлықтың тамырына балта шабылады.

Мысалы, жапон халқы сыбайлас жемқорлықты ұлттың намысына тиетін ең ауыр қылмыс деп санайды. Сол себепті оларда бұл құбылыс өте сирек кездеседі. Ал Финляндия мен Данияда мемлекеттік қызметкер болу — үлкен жауапкершілік пен сенімнің белгісі. Бұл елдерде де жемқорлық деңгейі ең төмендердің қатарында. Неге? Себебі олар бала жастан «адал болу — міндет» деген ұстаныммен тәрбиеленеді.

Ал біз ше? Біздің елімізде де көптеген игі бастамалар қолға алынуда. «Адалдық сағаты», «Саналы

ұрпақ», «Жемқорлыққа жол жоқ» сынды жобалар жастарды парасаттылыққа баулуда. Бірақ мұның бәрі нәтижелі болуы үшін, әрбір азамат өз ар-ожданын таразыға салуы тиіс.

Мен — Қазақстанның жас азаматы ретінде, өз болашағымның адал жолмен құрылуын қалаймын. Егер мен әділетті болсам, айналам да түзеледі. Себебі «Адам түзелмей, қоғам түзелмейді» (Ахмет Байтұрсынұлы). Сондықтан параламайтын, парабермейтін жаңа буынды тәрбиелеу — басты мақсатымыз болу керек. Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ менің әділетті шешімдерімнен, дұрыс әрекеттерімнен, ұстанған қағидамнан басталады. Бұл — жай ғана сөз емес, бұл — менің өмірлік ұстанымым. «Адал еңбек — ардың ісі» екенін жүрепке түсінген ұрпақ қана елдің еңсесін көтереді.

Рану РУСЛАНҚЫЗЫ,
Фил-3 студенті, филология факультетінің студенттік деканы

ВЫПУСК-2025 ГОДА: на пороге нового этапа

Для студентов 4 курса Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова наступает важный момент — завершение учебного пути и подготовка к профессиональной жизни. Этот год стал для нас, выпускников, временем завершения обучения и подведения итогов. Студенты 4 курса с волнением готовятся к защите дипломных работ и вступлению во взрослую и самостоятельную жизнь.

Защита диплома — финальный аккорд учебы в университете

Самым важным событием для студентов выпускного курса является защита диплома. Это не только подтверждение полученных знаний, но и возможность продемонстрировать способность применять теоретические и практические навыки в реальных ситуациях. Для большинства студентов дипломная работа — это результат многолетнего обучения и усердной работы, которая требует значительных усилий и творческого подхода.

В ЗКУ подготовка к защите диплома проходит под чутким руководством преподавателей, которые оказывают поддержку в сборе и анализе информации, а также помогают студентам в подготовке к публичной защите. Этот процесс требует не только знаний, но и уверенности в себе, что, в свою очередь, помогает нам, выпускникам, чувствовать готовность к новым профессиональным вызовам.

После защиты диплома для нас открывается дверь в мир профессиональной карьеры. Важной частью подготовки к выпуску является помощь университета в трудоустройстве. Студенты 4 курса активно участвуют в ярмарках вакансий и встречах с потенциальными работодателями, где могут наладить контакты с представителями различных компаний и организаций, узнать о возможностях для карьерного роста.

Понимание того, что университет не только даёт знания, но и активно содействует в поиске работы, укрепляет уверенность в будущем.

Прощание с университетом: важность завершения этого этапа

Завершение учёбы в ЗКУ — это не только профессиональная подготовка, но и важное личное событие для каждого студента. Время, проведённое в стенах университета, наполнено не только учёбой, но и активной социальной жизнью, нахождением близких по духу людей. Это время, которое оставляет незабываемые впечатления и готовит к новым свершениям.

На протяжении всех лет в университете мы сталкивались с вызовами, преодолевали трудности и достигали побед. Всё это стало важной частью нашего пути.

Выпускники ЗКУ — это гордость университета, и мы, как его выпускники, уверены, что знания, полученные в стенах нашего учебного заведения, помогут нам добиваться успеха в любых сферах жизни.

Заканчивая обучение в этом году, мы выражаем благодарность всем преподавателям, сотрудникам университета и своим друзьям за поддержку и помощь, которые сделали наш путь незабываемым и значимым. Мы гордимся тем, что были частью большого сообщества ЗКУ и готовы внести свой вклад в развитие нашей страны!



Шахноза НАЖМИДИНҚЫЗЫ,
студент Фил-42

ОТБАСЫ – БІР СӨЗ, ШЕКСІЗ МАҒЫНА



құндылықтар мен адами қасиеттердің ұмыт қалмауы үшін әрбір отбасы өз ішінде берік негіз қалыптастыруы қажет. Бала тәрбиесі мен болашағы – ең алдымен отбасыға байланысты. Мектеп, қоғам, мемлекет тек көмекші құрал. Негізгі тәрбие – үйде беріледі.

Отбасы – сүйіспеншілік, түсіністік, қолдау, сенім мен мейірім секілді рухани байлықтардың көзі. Онда әрбір адам өзін еркін, қауіпсіз сезінеді. Қиындықта демей болатын, қуанышты бөлісетін, сәтсіздікте қолдайтын – отбасы мүшелері. Бұл – адам үшін таптырмас құндылық, қайталанбас байлық.

Адам бойындағы еңбекқорлық, ізеттілік, сабырлылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты қасиеттер де ең алдымен отбасында қалыптасады. Қоғамның мықтылығы – отбасылардың мықтылығымен өлшенеді. Егер әрбір отбасы өзара татулықта өмір сүріп, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қараса, сол қоғамда тыныштық пен тұрақтылық орнайды. Осы себептен де мемлекет тарапынан отбасы құндылықтарына баса назар аудару – болашақтың кепілі.

Қорытындылай келе, «отбасы» деген – бір ғана сөз болғанымен, оның мағынасы шексіз. Ол – бүкіл өміріміздің негізі, тіршілігіміздің тұғыры, болашағымыздың бастауы. Отбасы – мейірімділік пен сүйіспеншіліктің, тұрақтылық пен сенімнің ошағы. Сондықтан әрбір адам өз отбасын сақтауға, құрметтеуге, дамытуға тырысуы қажет. Бақытты отбасы – бақытты ұрпақтың, ал бақытты ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі.

*Айым СЕРІК,
Эко-11 студенті*

Отбасы – әр адам үшін аса қымбат, ерекше мәнге ие ұғым. Бұл бір ғана сөзден тұрса да, оның астарында терең мағына, ұлттың, мәдениеттің, адамгершілік пен рухани байлықтың іргетасы жатыр. Адам баласы жарық дүниеге келген сәтінен бастап ең алғаш танысатын, өмірдің алғашқы сабағын алатын ортасы – отбасы. Сондықтан да отбасы – шексіз мағынаға ие, қасиетті ұғым.

Отбасы – адамның өміріндегі ең маңызды, әрі ең қастерлі орын. Себебі онда адам алғаш рет өмірдің мәнін түсініп, жақсылық пен жамандықты, махаббат пен мейірімді, шыдамдылық пен жауапкершілікті үйренеді. Бұл ортада бала алғаш рет қоғаммен байланыс орнатып, өзінің кім екенін, қандай мақсатпен өмір сүріп жатқанын аңғарады. Отбасы – әрбір жеке тұлғаның рухани-адамгершілік негізін қалайтын, оны тәрбиелеп, үлкен өмірге дайындайтын алғашқы мектеп.

Отбасының басты тірегі – ата-ана. Ата-ана балаларына өмір сыйлап қана қоймай, оларды адам етіп қалыптастыратын, өмірдің әр қырын танытатын алғашқы ұстаз. Әке – отбасының қорғаны, тірегі, әділдік пен тәртіптің үлгісі. Ана – отбасының жүрегі, махаббат пен мейірімділік нышаны. Осы қос тұлғаның арқасында бала толыққанды тәрбие алып, өз жолын табады. Сонымен қатар отбасы – ұлттық құндылықтардың, салт-дәстүрлердің, тіл мен діннің сақталуына үлес қосатын маңызды орта. Қазақ халқы үшін отбасы әрқашан қасиетті ұғым болған. «Отан отбасынан басталады» деген дана сөз – соның дәлелі. Халқымызда отбасы институтына ерекше көңіл бөлініп, әулет ұғымы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған. Әр отбасы – өз алдына бір шежіре, бір тарих. Онда ұрпақтар сабақтастығы, туыстық байланыс, отансүйгіштік тәрбие бастау алады.

Отбасы – тек қана ата-ана мен балалардан құралмайды. Ол – үлкендер мен кішілердің, ата мен әженің, аға мен қарындастың, әпке мен іні арасындағы өзара сыйластық, бірлік пен түсіністіктің ортасы. Әсіресе, қазақ қоғамында ата мен әженің рөлі ерекше. Олар өмірлік тәжірибесімен, даналығымен жас буынды тәрбиелеп, оларға дұрыс бағыт береді. Осындай ортада өскен бала қай жерде жүрсе де, өзінің тегін, салтын, адамдық

болмысын ұмытпайды.

Қазіргі жаһандану дәуірінде отбасының рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Себебі қоғамдағы өзгерістер, ақпараттық ағын, технологияның дамуы адам санасына үлкен әсер етуде. Мұндай кезеңде ұлттық

Адам өмір бойы ізденісте болуы керек пе, әлде оның шегі бар ма?

Адам баласы әр уақытта, өмірінің соңына дейін білім іздеп жүруі керек әлде оны қандай да бір жас уақытында тоқтатуға болады ма?

Бұл өте тереңнен үңілерліктей, барлық құбылыстарды ескере отырып тұжырым шығаратындай сауал. Осы бір сауалды жеке түрде талдап көру қате болмас. Екі жақты қалыптаспақ сауалдың бірі дұрыс көріліп қорытынды шығарылады.

Адамның ізденісте болуы деген сөз тіркесіне тоқталып өтелік. Бұл білім алумен тікелей байланысты ұғым. Іздену дегеніміз – оқу-тоқу.

Әрбір адам кез келген жас ерекшелігінде өзіндік деңгейіндегі білімді ізденеді. Бұл тоқтамайтын құбылыс. Мысалға алар болсақ, бала балабақшаға барғанда да білімнің ең кішкентай мөлшерін үйреніп бастайды, мектеп қабырғасында орта білім алып, жоғарғы оқу орнына түседі. Оның сатылары бойынша тағы оқиды. Сонда шамамен 40 жасқа дейін. Ал одан кейін ше, ізденуді тоқтатып тастау керек пе?

Жоқ, адам алған білімін пайдаланып жұмыс орнына орналасады. Одан соң да аяқталды деуге болмайды. Жұмыс кезі нағыз ізденісті талап ететін уақыт. Оқыған кездегі барлық білімді ересек өмірде пайдалана білу керек.

Қазіргі заманда білімнің шектеулі болуы мүмкін емес. Қазір заман, технология дамыған, халықтың барлық жағдайы жасалған. Оқитын, ізденетін материал жоқ деу күлкілі болады. Яғни материалдар барлығына бірдей қолжетімді. Соның өзін пайдаланбай біліміңе шек қояр болсаң заманнан артта қаласың. Өмірден артта қалғандарды өмір ешқашан аямайды. Жеткілікті сүргің келсе тек ізденіс керек.

Қазір екінің бірі шет елге шығуды армандайды. Әрине, арманға тосқауыл жоқ, бірақ адамның біліміне шек қойып тастауы тосқауыл болады. Қалай десеңіз, шетел тек тіл білетіндерді қабылдайды. Ал тіл біліп шет ел аралап жүргендер өмірлік ізденістегі жандар. Өмір – үздіксіз үйрену процесі. Расымен, өмірді еш әрекетсіз құрдан-құр өткізіп алуға болмайды. Үйренулердің арқасында өмір қызық бола түседі, жаңа ашылуларға көз жүгіртеді, өзімен мақтана алады.

Қорытындылай келе, адам ізденумен өмір бойы байлануы керек. Оқуын тоқтатпауы тиіс. Бұл адамның өзін жетілдіруі – жолы. Осы жолдан тайынбай өте беру қажет.

*Айдана АМАНЖОЛОВА,
ҚТӘ-11 студенті*



«Студенттік психология: Жеке тұлғаның өсу жолдары»

Психологиялық дамудың қазіргі заманғы үрдістері жастардың өзін-өзі тануына үлкен мүмкіндіктер ашып отыр. Жеке тұлғаның қалыптасуы – күрделі де қызықты үдеріс. Психологтардың зерттеулері көрсеткендей, студенттік жас – өзін-өзі дамытудың ең маңызды кезеңі. Бұл уақытта адам өзінің мүмкіндіктерін толық ашып, болашақ мансабын анықтай алады. Тұлғалық өсудің негізгі кезеңдері:

- Өзін-өзі тану
- Эмоционалдық интеллекті дамыту
- Коммуникативтік дағдыларды жетілдіру
- Стресске төзімділікті арттыру.

Психологиялық қолдау орталықтары жастарға кеңес

беру, тренингтер өткізу арқылы көмектесуде. Олар өзін-өзі дамыту бойынша жеке бағдарламалар ұсынады. Заманауи технологиялар да психологиялық дамуға үлес қосуда. Онлайн-курстар, вебинарлар, психологиялық қосымшалар жастарға өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Кәсіби психологтар жастарға үнемі өсуге, өзін-өзі жетілдіруге кеңес береді. Өзгеруге дайын болу – табысқа жету кепілі. Қорытынды түйін: Жеке тұлғаның дамуы – үздіксіз процесс, ол адамның өмір бойы қол жеткізетін ең маңызды жетістігі.

*Шахноза НАЖМИДИНҚЫЗЫ,
Фил-42 студенті*

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издаётся с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

Ахмет Байтұрсынұлы



ЖУРНАЛИСТ

№5 (80), мамыр 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

Көркем шығарма – ұлттық құндылықтар көзі

Белгілі бір көркем әдеби шығарманың қоғамдық, тәрбиелік маңыздылығына, оқырманын эстетикалық сезімге бөлей алатынына шүбә жоқ! Демек, әдебиеттің құдіретін, әлеуметтік мәнін, күллі қоғамды өзгертушілік күшін осы тұрғыдан тану шарт. Шынайы әдебиет ескірмейді. Өз кезеңінде атақты Аристотель әдебиетті өмірді танудың, тәлім-тәрбие берудің негізгі нысанасы тұрғысында пайымдаған. Әйгілі Әуезов әдебиеттің зор міндетінің бірі ретінде елдің мінезін түзеу тұрғысында түйіндеген. Бүгінгі кезеңдегі зерттеуші ғалымдардың бірі профессор Кит Оутли көркем әдебиетті «сананың пилотажды жаттығуы» үлгісінде таниды. Бұл – ұшқыштардың жерде тұрып-ақ өуе лайнерін басқаруды үйренуі деген сөз. Көркем әдебиетте жиі назар аударатындар өз бетінше әлеуметтік дағдыларын да жақсартпақ. Бұл үдерісті әдеби персонажбен өзімізді ұқсастыруымыз, психикалық жағдайды модельдеу, таным формасы қабілетіне ие болу десек те болады. Нәтижеде кейіпкер басындағы ойдың оқырман тарапынан айқын ажыратылуы, оқырман санасында осы іс-әрекетке жауап берер қызметтердің іске қосылуы жүзеге аспақ. Қысқасы, қандай туынды болмасын адамның ой-санасына белгілі бір деңгейде әсер етері даусыз.

Психологтардың, психоаналитиктердің пікірінше, көркем шығарма эмоциялық интеллектіні дамытуға көбірек септеспек. Бұл орайда бірден айқын танылар тұс - көркем әдебиет оқытындар мен оқымайтын адамдардың бір-бірінен мүлдем бөлекше келетіндігі. Мәселен, кітап оқытындардың сөздік қорының бай болуы. Сондай-ақ әлемдегі ең ірі баспа санатындағы Оксфорд университетінің баспасынан шығатын әлеуметтік неврология бағытындағы ғылыми журналда жарияланған мақалада осы мәселеге акцент берілген-ді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене айтсақ, көркем әдебиетті оқу адамның қайырымдылық, азаматтық белсенділік сияқты әлеуметтік-танымдық қабілетін жақсартады; күллі әлемдегі зорлық-зомбылық деңгейінің біртіндеп төмендеуіне әкеледі; жеке адам тағдырына қатысты қайшылықты жағдайлар өзіндік шешім іздеуге ұмтылдырады. Бұл реттегі мамандар тарапынан жүргізілген эксперимент нәтижелері де ойлантанды.

Мәселен, фотосүгіреттегі адамның бет-әлпетіне, кескін-келбетіне қарап, оның көңіл-күйін дәл айтып бере аламыз ба? Оңай шаруа емес. Нәтижеде көркем әдебиетпен көп шұғылданғандар аса қырағылық танытып, тұлғааралық қабылдау шкаласы бойынша жоғарғы көрсеткішке ие болған. Әлеуметтік неврология бойынша көркем әдебиетті жиі оқытындар өзгенің қуанышы мен қайғы-қасіретін жақсы сезініп, шынайы түсіне алары айқындалған. Яғни, кітап оқытындар өзгенің эмоциясын жақсы ажырата алмақ. Ал мұның тиімділігі неде? Тағы да эксперимент нәтижелеріне жүгінсек, көркем шығарма оқуға ден қоюшылар өзгелерге риясыз қызмет көрсетуге даярлығын айқындайды. Қысқасы, көркем әдебиет оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлай алатын артықшылыққа ие етеді. Демек, бұл айтылғандардан шығарылар қорытынды - әдебиет тек сөз өнері ғана емес, парасат пен нәзік сезімталдыққа бастар жол. Бүгінгі таңда техникалық білім беру салаларына гуманитарлық модульдердің көптеп енгізілуі де осыдан болса керек-ті. Алдыңғы тұста да айта түстік, көркем шығарма оқудың тиімділігі таңғажайып. Көркем шығарманың оқырманға берер рухани құндылығы ұшан-теңіз. Көркем шығарма – рухани ұлттық құндылықтар көзі. Ал рухани білім қашан да шынайы, толық, анық, мықты әрі жүйелі болуы тиіс. Көркем шығарма ақылыңа ақыл қосады, ал ақыл еркіндікке жол ашады, еркіндік әрекетке иелік етеді. Көркем шығарма даналыққа баулиды, ал даналықты үйрену адамды мықты әрі жанын жомарт етеді. Көркем әдебиетті сүймеу, оқымау мүмкін еместей болуы тиіс. Мәселе тек бастапқыда оның дәмін татуда, хош иісін сезуде. Одан әрі оның арынына тосқауыл болу мүмкін емес. Себебі халықтың рухани тұнбасы «әдебиеті мен өнері ұлы болмаған жерде ұлт та ұлы бола алмайды» (Ғабит Мүсірепов). Мұхтар Әуезовке сүйене айтар болсақ, қай дәуірде де өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді зиялы интеллекулал бола алмайды. Себебі ол қандайлық мамандыққа қатысты білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ кейіпте. Демек, «әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды» (Сағатхан Әшімбаев).

Ал көркем шығарма оқудың оқырманға берер рухани құндылығы да оның адам баласына алғашқы кезекте сыйлар эстетикасынан басталмақ. Мәселен, бір танымал ұлы қаламгерге жас жазушы келіп, тырнақалды жазған әңгімесін бағалауды өтінеді. Тәжірибелі тарлан алғашқыда жас жігіттің арқасынан қаға, таудай талабына ризашылық танытып шығарып салады. Жас жазушы қайтара оралады. Қаламгер әңгімені парақтап қарай отырып, екінші ретте де жас тұлғаның қадамына құптау білдіреді. Бұған да қанағат тұтпай үшінші қайтара оралған жас жігіт классик жазушының жазылған шығармаға сын айтуын қалап қадалып тұрып алады. Сонда ғана өмір көрген тәжірибелі жазушы:

- Айтыңызшы, Сіз осы жазған дүниеніңізді көркем шығарма деп есептейсіз бе? - деп сұрайды. Мұндай оқыс сауалдың боларын күтпеген жас жігіт:

- Бұлайша айтуға қандай дәлеліңіз бар? - дейді.

- Мәселен, Сіздің әңгіменіңізде «Бес тиын ақша жерге түсті» деген сөйлем бар. Осы сөйлемнен оқырман қаншалықты ләззат алмақ. Ешқандай да, себебі бұл тек ақпарат қана. Көркем шығармаға тән образ қайда, жанды қозғалыс қайда? - дейді жазушы.

- Сізше қалай болар еді? - деп жас жігіт енді қызарақтап шамдана бастайды.

- Мәселен, былай болса ше: «Бес тиын пақыр ақша жерге ыршып түсті де, зыр-зыр қағып дөңгелей жөнелді...» Көркем шығармада алғашқы кезекте образ, динамика болуын ескергейсіз, қалқам, - дейді қарымды қаламгер. Жас жазушы не айтарын білмей, мүдіре ойланып қалса керек. Бір мезетте тілге келіп:

- Сонда қашан, қалай жазуға кеңес берер едіңіз? - деп сұрапты баяулап...

- Біріншіден, інім, қашан жазбауға мүмкіндігің болмаған кезде жазғайсың! Екіншіден, жаза қалсаң, соқыр көретіндей, саңырау еститіндей жазғайсың! - деген екен дүлдүліміз...

Бұндай астарлы терең тағылымды дүниелерді келтіре беруге болар...

Білуімізше, ғылым мен көркем әдебиетте ортақ қасиеттер мол: бұлардың екеуіне де бақылау да, салыстыру да, зерттеу де тән. Шынайы көркем шығарма адам бойына қаншама рухани құндылықтарды еге алады десенші! Көркем шығарма адамды адамиландырады, адами кеудені абаттандырады. Түптің түбінде көркем шығарма тұлғаны бір мезет ойлануға жетелейді, тіпті еркінен тыс мәжбүрлейді. Десек те, оқу айтулы ережелі тұжырымдарды меңгеру үшін, ал тәжірибе одан ауытқу жолдарын игеру үшін керектігін білгенге не жетсін! Өз тұсында қытайлық философ, қытай халқының дәстүрлі ілімі даосизмнің негізін салушылардың бірі, «кәрі ғұлама» Лао-Цзы: «Ойыңызға мұқият болыңыз, кез келген іс ойдан басталады», - дей келе: «Ойыңды түзе, сөзіңе айналады. Сөзіңді түзе, ісіңе айналады. Ісіңді түзе, едетіңе айналады. Едетіңді түзе, мінезіңе айналады. Ал мінезің сенің тағдырың» деген екен. Өркез жадыда ұстағанға не жетсін! Олай болса, көркем туындылар арқылы санамызға жол тартқан ойымыздың у болмауын, сөзіміздің су болмауын, үмітіміздің бұ болмауын тілелік! Ол үшін көркем әдебиет оқуға бой бұралық!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры

Орал ҚЫДЫРШАЕВ,

ҚР «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері, Ұлыбритания (Біріккен Корольдік) Ковентри (Coventry University) Білім беру көшбасшылығы бойынша тағылымгер (Education Leadership Intern), магистр, М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың 2012 жылғы түлегі



Абайдың «толық адам» туралы ілімі – жаңа буын үшін рухани бағдар

Семей қаласында «Абайдың кемел адам туралы ілімі: ұлттық құндылықтар және заманауи көзқарас» тақырыбында республикалық форум өтті.

Аталмыш іс-шара – еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін және жоғары оқу орындарының өкілдерін біріктірген маңызды зияткерлік алаңға айналды. Форум аясында ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының философиялық мұрасы мен «Толық адам» тұжырымдамасының қазіргі жастарды рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеудегі рөлі жан-жақты талқыланды. Форум барысында Махамбет университетінің делегациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Бұл — университеттің тәрбиелік, құндылықтық және ағартушылық бағыттағы жұмысына берілген жоғары республикалық деңгейдегі баға.



«ДАРХАН ДАЛА, ДҮР МЕКЕН – ТЕКТІЛЕРДІҢ ТҰЯҒЫ» кездесу кеші өтті

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих ғылымдарының кандидаты, доценті, «АМАНАТ» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының Саяси кеңесі бюро мүшесі Жақсығалиев Жаңабек Жаңабайұлының мерейлі 50 жасқа толуына орай Қаратөбе ауданы орталығында «Дархан дала, дүр мекен – тектілердің тұяғы» атты кездесу кеші өтті.



Мерейтой кешіне орай іс-шара барысында қонақтарға «Тұлға. Тарих. Тағзым» кітап көрмесі, «Жақсымен бірге өткізген жарты сағат...» фотокөрмесі таныстырылып, тарихқа барлап, рухты жаңғыртатын автордың жаңа кітабының тұсауы кесілді.

Қаратөбе ауданына арнайы барған «АМАНАТ» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы Азамат Сафималиев Жаңабек Жаңабайұлының мерейлі туған күнімен құттықтап, партияның облыстық филиалы Саяси кеңесі бюро мүшесі ретінде әрқашан азаматтық белсенділігін танытып, саяси көзқарасын жеткізетіні үшін алғыс білдірді.

Бүгінде Жаңабек Жақсығалиевтың 100-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік, тарихи-танымдық мақалалары мен ондаған әдістемелік құралдары жарық көрген. Соның ішінде «Білім апсаянда...» /естелік-эссе/, «Қазақстан тарихы» /оқу-әдістемелік құрал/, мектеп оқушыларына арналған «Батыс Қазақстан облысының тарихы» және ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Өлкетану» оқулығы бар.

«АМАНАТ» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының ресми парақшасынан алынды

*Құрметті
Абдурашимова
Дамира Кайриевна!*

Сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз педагогика және психология саласында табысты еңбек етіп, өскелең ұрпақтың сапалы білім алуына, кәсіби тұрғыда дамуына зор үлес қосып келесіз. Білім беру бағдарламасының жетекшісі ретінде атқарған жұмысыңыз – жауапкершілікке, жаңашылдыққа



және кәсіби шеберлікке негізделген. Сіздің біліктілігіңіз бен іскерлігіңіз, талапшылдығыңыз бен жоғары ұйымдастырушылық қабілетіңіз әріптестеріңіз тарапынан зор құрметке ие. Жас мамандар мен студенттерге бағыт-бағдар берудегі тәжірибеңіз – білім саласындағы баға жетпес құндылық. Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, қажырлы еңбегіңізге шығармашылық табыстар және жаңа жетістіктер тілейміз. Алдағы уақытта да Сіздің мол тәжірибеңіз бен біліміңіз еліміздің білім беру жүйесінің дамуына өз үлесін қоса береді деп сенеміз.

*Ізгі тілекпен,
педагогика және психология
БББ ұжымы*

МҰРАЖАЙ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Жуырда «Шетел тілі: Екі шетел тілі» БББ 2-ші курс студенттері мен кураторы Навекова Дамира Бактығалиқызымен, «9 мамыр – Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына» орай Орал қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы мұражайға барып, қазақтың қаһарман қызының өмірі мен өрлігі жайлы тың деректермен таныстық.

Мұражайда Мәншүктің жеке заттарын, майдан даласынан жазған хаттарын, соғыста пайдаланылған оқтарды және тарихи фотосуреттерді көріп, ерекше әсер алдық. Әсіресе, соғыс алаңының көрнекі иллюстрациясы жастардың ерекше қызығушылығын тудырытыны анық. Бұл танымдық шара арқылы патриоттық сезімімізді арттырып, ел тарихына, оның ішінде Тәуелсіздік үшін күрескен батыр тұлғаларға деген құрметімізді күшейттік. Ашық аспан мен бейбіт өмірдің бағасын түсінуге себепкер болған Мәншүк сынды тарихи тұлғаларды ұмытпау — баршамыздың парызымыз.

*Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ,
ФИЛ-12 студенті*



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 330

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99